



Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік Университеті
АКТЮБИНСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ К.ЖУБАНОВА

Кітапхана – Библиотека

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
2027 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН
ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН
КҮНДЕР ТІЗБЕГІ**

**КАЛЕНДАРЬ
ЗНАМЕНАТЕЛЬНЫХ И ПАМЯТНЫХ ДАТ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
НА 2027 ГОД**

Ақтөбе - 2026

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
2027 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН
КҮНДЕР ТІЗБЕГІ**

**КАЛЕНДАРЬ ЗНАМЕНАТЕЛЬНЫХ И ПАМЯТНЫХ ДАТ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ НА 2027 ГОД**



Кітапхана сайты



Онлайн кітапхана



Instagram



Facebook

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Кітапхана

Зерттеушілерді қолдау офисі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША 2027 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ
ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕР ТІЗБЕГІ**

Ақтөбе – 2026

ӘОЖ 323/324(574)
КБЖ 66.3(5Қаз)
Қ 14

Қазақстан Республикасы және Ақтөбе облысы бойынша 2027 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер тізбегі / бас. жауапты Шаншарова Г.И. құраст.: Шадманова Г.Қ. - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті кітапханасы. 2026. -193бет.

АЛҒЫ СӨЗ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті ғылыми кітапханасының зерттеушілерді қолдау офисі 2027 жылға арналған «Қазақстан Республикасы және Ақтөбе облысы бойынша 2027 жылы аталып өтілетін және еске алатын күндер тізбегін» дайындап шығарды.

Күнтізбеге тарихи, рухани және мәдени маңызы бар оқиғалар, мемлекеттің қалыптасуы мен нығаюына зор үлес қосқан, халыққа кеңінен танымал қайраткерлердің, ғылым мен өнердің көрнекті қайраткерлерінің мерейтойлары енгізілді. Сонымен қатар, қазақстандық Кеңес Одағы Батырларының мерейтойлық күндері, Қазақстан Республикасының ұлттық, мемлекеттік, кәсіптік және өзге де мерекелі күндер берілген.

Күнтізбе хронологиялық ретпен жүйеленген. «Туған күні, айы белгісіз қайраткерлер, мекемелер мен тарихи оқиғалар тізімі» жеке топтастырылған. Жұлдызшамен (*) белгіленген күндерге қысқаша анықтама жазылды. Көмекші құрал ретінде есімдердің алфавиттік көрсеткіші берілген.

Күнтізбе кітапханалар мен мәдени мекемелерге, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне және көпшілік қауымға арналған.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
2027 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ
ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕР ТІЗБЕГІ**

ҚАҢТАР

1 қаңтар*	Роза Бағланова , әнші, Қазақстанның және КСРО халық әртісі, Халық қаһарманы, туғанына 105 жыл (1922-2011)
5 қаңтар*	Нұрғали Нүсіпжанов , әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, туғанына 90 жыл (1937)
12 қаңтар*	Дінмұхамед Қонаев , мемлекет қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, техника ғылымдарының докторы, туғанына 115 жыл (1912-1993)
15 қаңтар*	Боранғали Ырзабаев , жазушы, туғанына 95 жыл (1932-1995)

АҚПАН

15 ақпан*	Анатолий Калюжный , педагог, туғанына 75 жыл (1952-2012)
17 ақпан*	Лидия Кәденова , актриса, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, туғанына 75 жыл (1952)
22 ақпан*	Бегалин Мажит , кинорежиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, туғанына 105 жыл (1922-1978)
25 ақпан*	Орталық ғылыми кітапхана , Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі құрылғанына 95 жыл (1932)

НАУРЫЗ

2 наурыз*	Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қабылданғанына 35 жыл (1992)
------------------	--



- 8 наурыз*** **Төлеген Айбергенов, ақын,** Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, туғанына 90 жыл (1937-1967)
- 22 наурыз*** **Ғабит Мүсірепов,** Қазақстанның Халық жазушысы, қоғам қайраткері, академик, туғанына 125 жыл (1902-1985)
- 30 наурыз*** **«Қазақ календары»,** жарық көргеніне 105 жыл (Орынбор қаласы) (1922)

СӘУІР

- 4 сәуір *** **Немат Келімбетов,** жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, туғанына 90 жыл (1937-2010)
- 15 сәуір*** **Ғарифолла Есім,** философ, ҚР ҰҒА-ның кор. мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор, туғанына 80 жыл (1947)
- 26 сәуір*** **Шота Уәлиханов,** көрнекті қазақ архитекторы, туғанына 95 жыл (1932-2021)

МАМЫР

- 2 мамыр*** **Күләш Бәйсейітова,** әнші, КСРО халық әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, туғанына 115 жыл (1912-1957)
- 15 мамыр*** **Хиуаз Доспанова,** қазақтың тұңғыш ұшқыш қызы, штурман-атқыш, Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері, Халық қаһарманы, туғанына 105 жыл (1922-2008)
- 22 мамыр*** **Жайшылық Сартабанов,** профессор, ҚР ҰҒА академигі, туғанына 85 жыл (1942)
- 27 мамыр*** **Мырзатай Жолдасбеков,** қоғам қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор, туғанына 90 жыл (1937)



МАУСЫМ

4 маусым* Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне 35 жыл (1992)

ШІЛДЕ

2 шілде* Мұхтар Шаханов, ақын, Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Қырғызстанның халық ақыны, туғанына 85 жыл (1942-2026)

3 шілде* Серік Ақшولاқов, медицина ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі, туғанына 75 жыл (1952)

15 шілде* Мәншүк Мәметова, Кеңес Одағының батыры, туғанына 105 жыл (1922-1943)

19 шілде* Қазақстанның Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы құрылғанына 90 жыл (1937)

ТАМЫЗ

1 тамыз* Еркеғали Рахмадиев, КСРО-ның халық әртісі, профессор, туғанына 95 жыл (1932-2013)

5 тамыз* Талғат Бигелдинов, әскери ұшқыш, авиация генерал-майоры, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, туғанына 105 жыл (1922-2014)

18 тамыз* Шара Жиенқұлова, биші, педагог, Қазақстанның халық әртісі, туғанына 115 жыл (1912-1991)

ҚЫРКҮЙЕК

9 қыркүйек* Дүкенбай Досжан, жазушы, туғанына 85 жыл (1942-2013)

17 қыркүйек* Сырбай Мәуленов, ақын, Халық жазушысы, туғанына 105 жыл (1922-1993)



- 24 қыркүйек*** **Ибрагим Нүсіпбаев,** Қазақстан мәдениет қайраткері, композитор, туғанына 105 жыл (1922-1987)
- 27 қыркүйек*** **Ахмет Ержанов,** тарих ғылымының докторы, профессор, туғанына 105 жыл (1922-1997)
- 28 қыркүйек*** **Мұхтар Әуезов,** жазушы, драматург, әдебиетші-ғалым, абайтанушы, туғанына 130жыл (1897-1961)

ҚАЗАН

- 1 қазан*** **Лев Гумелев,** аса көрнекті тарихшы, түркітанушы, географ, этнограф, жазушы, туғанына 115 жыл (1912-1992)
- 1 қазан*** **Ілияс Омаров,** мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы, жазушы, публицист, туғанына 115 жыл (1912-1970)
- 5 қазан*** **Есенғали Раушанов,** қазақтың танымал ақыны, туғанына 70 жыл (1957-2021)

ҚАРАША

- 7 қараша*** **Ақырап Жұбанов,** суретші, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, туғанына 100 жыл (1927-2007)
- 13 қараша*** **Асқар Жұбанов,** белгілі тілші-ғалым, филология ғылымының докторы, профессор, туғанына 90 жыл (1937-2020)

ЖЕЛТОҚСАН

- 2 желтоқсан*** **Рахманқұл Бердібаев,** әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА-ның кор. мүшесі, профессор, туғанына 100 жыл (1927-2012)



2 желтоқсан*	Ғазиза Жұбанова , композитор, Қазақстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері, профессор, туғанына 100 жыл (1927-1993)
8 желтоқсан*	Қажығали Мұханбетқалиұлы , жазушы, туғанына 85 жыл (1942-2020)
12 желтоқсан*	Ақселеу Сейдімбек , жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, туғанына 85 жыл (1942-2009)
12 желтоқсан*	Бекежан Сүлейменов , тарихшы, ҚР ҰҒА-ның кор. мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, туғанына 115 жыл (1912-1984)
12 желтоқсан*	Зейнолла Қабдолов , жазушы, Қазақстанның халық жазушысы, ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, туғанына 100 жыл (1927-2006)
15 желтоқсан*	Әзілхан Нұршайықов , жазушы, Қазақстанның халық жазушысы, туғанына 100 жыл (1922-2011)
19 желтоқсан*	Әди Шәріпов , жазушы, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, туғанына 115 жыл (1912-1993)
20 желтоқсан*	Дулат Исабеков , жазушы, драматург, туғанына 85 жыл (1942-2025)
24 желтоқсан*	Бибігүл Иманғазина , жазушы, туғанына 85 жыл (1942)



ТУҒАН КҮНІ, АЙЫ БЕЛГІСІЗ ҚАЙРАТКЕРЛЕР, МЕКЕМЕЛЕР МЕН ТАРИХИ ОҚИҒАЛАР ТІЗІМІ

- **Базар жырау Оңдасұлы**, қазақтың атақты ақыны, туғанына 185 жыл (1842-1911)
- **Дулат Бабатай-ұлы**, ақын, туғанына 225 жыл (1802-1874)
- **Есет батыр Көкіұлы**, батыр, туғанына 360 жыл (1667-1750)
- **Есет Көтібарұлы**, туғанына 220 жыл (1807-1888)
- **Кенесары Қасымұлы**, қазақ хандығының соңғы ханы, туғанына 225 жыл (1802-1847)
- **Қаракерей Қабанбай батыр Қожақұлұлы**, белгілі қолбасшы, қазақ халқының батыры, туғанына 335 жыл (1692-1770)
- **Мұхамеджан Сералин**, жазушы, ақын, журналист, ағартушы, туғанына 155 жыл (1872-1929)
- **Сырым Датұлы**, ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы ұлт-азаттық күрестің ұйымдастырушысы әрі көсемі, туғанына 315 жыл (1712-1802)
- **Салық Бабажанов**, ғалым-этнограф туғанына 195 жыл (1832-1871)
- **Шернияз Жарылғасұлы**, ақын, туғанына 220 жыл (1807-1867)



МЕРЕЙТОЙЛЫҚ КҮНДЕРГЕ ҚЫСҚАША АНЫҚТАМА

1 қаңтар

**РОЗА БАҒЛАНОВА
туғанына 100 жыл (1922-2011)**

Роза Тәжібайқызы Бағланова әнші, Қазақстанның (1955) және бұрынғы КСРО халық артисі (1967), Халық қаһарманы (1996). Қызылорда облысының Қазалы қаласында 1922 жылы бірінші қаңтарда туған. 1941 жылы Қызылорда педагогикалық институтын бітірген. Өнер жолын Ташкент филармониясының ән-би ансамблінде әнші болып бастаған. Сол ансамбльмен 2-дүниежүзілік соғыс жылдары майдан даласында өнер көрсетіп, 1945 жылы тоғызыншы мамырда Берлиндегі жеңіс концертіне қатысады. 1947 - 1949 жылдары Қазақ опера және балет театрының, 1949 - 1960 жылдары Қазақ филармониясының, 1960 жылдан Қазақконцерттің әншісі болып, ұлттық ән өнерін дамытуға үлкен үлес қосты, ерекше сазды әншілік мектептің қалыптасуына ықпал жасады.

Роза Бағланова қазақтың халық әндерін, замандас композиторлар әндерін, шет ел халықтарының (венгр, өзбек, қырғыз, тәжік, украин, грузин, әзербайжан, корей, қытай, моңғол, орыс, үнді, чех, швед, т.б.) әндерін нақышына келтіре орындады. 1946 жылы Мәскеуде өткен бүкілодақтық эстрада әншілері 2-конкурсының дипломаты, 1949 жылы Бухаресте өткен бүкіл дүниежүзілік Жастар мен студенттердің 2-фестивалінің лауреаты. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Халықтар достығы» ордендерімен, «Шапағат» медалімен марапатталған. Роза Бағланова сирек талантты әнші, әлем халықтары әндерін шебер орындаушы. Ол бүкіл Қазақстанда, КСРО-ның бұрынғы республикаларында, шетелдерде болып, Отан, махаббат пен достық, адам мен табиғат туралы әндерді шырқады. Гастрольдік сапарға шығарда Р. Бағланова міндетті түрде сол баратын елінің тіліндегі әнді үйренеді. Бірақ, қазақтың халық әндерін оның орындауында тыңдау ләззатына ештеңе тең келмейді. Роза Бағланова 2011 жылы қаңтардың 8-інде Алматы қаласында дүниеден өтті.



Әншінің орындауындағы Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», композитор М. Төлебаевтың ақын өлеңіне жазған «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», С. Мұхамеджановтың «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да», «Қиыстырып мақтайсыз» әндері Қазақ радиосы фонотекасында сақтаулы, оның орындауындағы әндер бірнеше рет күйтабаққа жазылып, қазақ музыка мәдениетінің алтын қорына қосылды.

5 қаңтар

НҰРҒАЛИ НҮСІПЖАНОВ
туғанына 85жыл (1937)

Нұрғали Нүсіпжанов (05.01.1937) - әнші, Қазақстан Республикасының халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың, Қазақстан жастар Одағы сыйлығының, Қырғыздың Абылас Молдабаев атындағы халықаралық сыйлықтарының лауреаты, Өзбекстан республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Нұрғали Нүсіпжанов Талдықорған облысының Гвардия ауданындағы Күреңбелдің (Алтынемел) жанындағы Доланалы ауылында 1937 жылдың 5 қаңтарында қарапайым шопан отбасында дүниеге келді. Оның ата-бабалары ежелден осы өлкенің күңгейтеріскейін мекендеген.

Нұрғали Қоғалыдағы орта мектепте оқыған жылдарында әнге құмартты. Көркемөнер ұйымының құрамында үшінші сыныпта жүрген шағында сайлау алдындағы ата-аналарға арналған концерттердің бірінде «Қызыл бидай», «Қыздар-ай» әндерін орындағаны үшін мақтау қағазын алды. Нұрғали студенттер мен жастар арасында Мәскеуде өтетін фестивальге жолдама алу үшін ауылдық, облыстық конкурстардан өтеді. Ақыры Алматыдағы қорытынды байқауға қатысты. Әділқазылар алқасы Нұрғалидың ән салушылық қабілетін көріп, консерваторияға қабылдауға ұсынды. 19 жасқа келген Нұрғалиды ән өнерін кәсіби, жан-жақты білім алу мақсаты алға тартты.

Ол 1956 жылы музыка өнерінің қара шаңырағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына оқуға қабылданды. Мұнда ол белгілі ұстаз – Қазақстанның халық әртісі Надежда Николаевна Самышинаның класында жеті жыл оқыды. Ұстазға Нұрғалидың кең тынысты, сазды дауысы ұнады.



Нұрғали консерваторияны бітірген соң Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрына қызметке жіберілді. Осы кезде Нұрғали Қазақстанның кейбір аймақтарында концерттер бере бастаған. Мұнда ол екі жылдай әншілік қызмет атқарды. Ол жеке әнші болуды аңсады. Қызмет жолы оны Қазақ телевизиясы мен радио хабарларын тарататын мемлекеттік комитетіне әкелді. Бұл ұжымда Нұрғали музыкалық хабарлар редакторлығынан редакция меңгерушісіне дейін көтерілді.

Осы ұжымда Нұрғали Нүсіпжанов (1966 - 1976) он жыл қызмет етті. Қызмет бабы Нұрғалиға әншілікті кең атқаруға бағыштады, ол концерттерге тікелей қатысуды қалады. Оның бұл талабы 1976 жылы орындалды. Нұрғали Нүсіпжанов Қазақтың мемлекеттік Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптары оркестріне жетекші әншілікке қабылданды. Осы сәттен бастап оның ән шырқауына даңғыл жол ашылды, ол әншілік шеберлігімен көрермен қауым алдында құлашын жайды. Нұрғиса Тілендиев Нұрғалиға «Саржайлау», «Ақ құсым», «Балдызым», «Куә бол», «Әкеме», «Әжеме», «Жетісуым», «Қапшағай», «Келе жатыр құс қайтып» сынды жиырма шақты тамаша әндерді арнап жазған. Ол М.Маңғытаевтың «Сағыныш», Ә.Бейсеуовтың «Айнашым», «Мұңайма», «Аспан қызы», Қ.Қуатбаевтың «Қарындас», «Шолпаным», Т.Базарбаевтың «Қаздар қайтқанда» сияқты көптеген эстрадалық әндерін сахнаға алып шыққан. Әнші Қазақтың мемлекеттік Құрманғазы атындағы АХА оркестрінде 20 жыл жетекші әнші болып қызмет атқарған соң, «Қазақконцерт» бірлестігі жанынан «Жазира» атты аспаптық ансамблін ашты. Енді Нұрғали жастарды таңдауға, ансамбльге тартуға белін бекем буып кірісті. Әрі қарай ансамбль еліміздің түпкір-түпкіріде концерттер бере бастады. Алжирде де өнерлерін көрсетіп, сол елдегі Кеңес елшілігі қабылдауында болған-ды, сонда, ұжым Құрмет мақтау қағазымен марапатталды. Жанұя, туған-туыстары Нүрекеңнің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында «Өз елім» (мақалалар, сұхбаттар жинағы) кітабын жарыққа шығарды.



Қазақ халқының толағай көңіл ықыласымен сүйетін әншісі Нұрғали Нүсіпжанов бұл күндері қазақ халқына аянбай, барлық табиғат берген дарынын арнауда. Оның алдағы жылдары сүйсіндірер шығармашылығы үдей түсер.

12 қаңтар

ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ
туғанына 115 жыл (1912-1993)

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев (1912-1993) - аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымының докторы, КСРО шет ел ордендері мен медальдарының иегері. Алматы қаласында, қызметкерлердің отбасында өмірге келген.

Орта мектепті бітіргеннен кейін, Қазақстан Өлкелік комсомол комитеті оны Мәскеу Түсті металл алтын институтына оқуға жібереді. Институтты ойдағыдай бітірген.

Тау кен инженері мамандығын алған Қонаев Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигіне жұмысқа орналасып, онда бұрғылау станогының машинисі, цех бастығы, рудниктің бас инженері және оның директоры болып істейді. Екінші дүниежүзілік соғысының қиын күндерінде ол тылдағы жұмысты ұйымдастыруда іскерлігімен көзге түседі. Тау кен ісі саласының ірі ғалымы Қонаев республика ғылымының дамуы жолында зор еңбек сіңіреді. Ғылыми ұйымдық жұмыстарды жақсарту, ғылыми зерттеулердің негізгі салаларын білікті кадрлармен нығайту шаралары оның басшылығымен жүзеге асырылады. Ол Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін өркендету жолына өзінің білімін, мол тәжірибесін және ұйымдастырушылық қабілетін аянбай жұмсай білді.

Дінмұхамед Қонаев өз заманының ұлы саясаткері бола білді.

Ол билік басында болған уақыт қаншалықты күрделі, қарама қайшылықты болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді. 1986 жылы СОКП Орталық Комитетінің Бас Хатшысы болып М.С. Горбачевтің келуіне байланысты Дінмұхамед Қонаев



Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығынан босатылды. 18 минут өткізілген пленумда орнына Ульяновск облысынан Г.В. Колбин отырғызылды. Орталықтың жүргізіп отырған әділетсіз саясатына қарсы республика жастары өз қарсылықтарын білдіріп алаңға шықты. Бұл әйгілі Желтоқсан оқиғасына ұласты.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Республика партия ұйымын басқарған ширек ғасырға жуық уақыт ішінде өзінің үлкен мәдениеттілігімен, иманжүзді ізеттілігімен танылып, халық дәстүрін жақсы білетін, тағылымы терең, ой өресі биік жан екенін көрсетті. Кейін мемлекет ісінен қол үзген кезде де ол білімдар білікті жан ретінде елде жүріп жатқан реформа бағыттарын, қоғамды демократияландыру қажет екенін терең сезініп, қолдай білді.

Өзі өмір сүрген күрделі уақыттың адал перзенті бола білген абзал азамат 1993 жылы тамыздың 22-інде, 82 жасқа қараған шағында кенеттен қайтыс болды.

15қаңтар

БОРАНҒАЛИ ЫРЗАБАЕВ
туғанына 95 жыл (1932-1992)

Боранғали Ырзабаев 1932 жылы 15 қаңтарда Ақтөбе облысы, Темір ауданында туған.

Алғашқы еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған ол 1959 жылдан бастап журналистік қызметке ауысты. Павлодар облыстық «Қызыл ту» газеті редакциясының әдеби қызметкері, бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарған.

1962-1965 жылдар аралығында «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінің Тың өлкесі бойынша меншікті тілшісі, 1967 жылдан бастап «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің әуелі Павлодар облысындағы, одан кейін Орал облысындағы меншікті тілшісі қызметтерін атқарған. Алғашқы өлеңдері 1962 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Жас дәурен» кітабында жарық көрген. 1981 жылы «Ертіс – Жайық арасы» («Қазақстан»), 1983 жылы «Егіндікөл жұлдызы» («Қайнар») жинақтары оқырмандар қолына тиді.



1970 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін», 1972 жылы Халық шаруашылығы көрмесінің күміс медалімен, 1973 жылы «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.

Шығармалары: Тұңғыш. Өлеңдер. А., ҚМКӘБ, 1963; Қадірлі қалалар. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1968; Ұшуға қанат керек. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1970; Жер жүрегі соғады. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1977; Бақ жұлдызым. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1982.

15 ақпан

АНАТОЛИЙ КАЛЮЖНЫЙ
туғанына 75 жыл (1952-2012)

1952 жылы 15 ақпанда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Горноводск кентінде, Украинаның қатардағы ауыл еңбеккерлерінің отбасында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1973 жылы Ақтөбе педагогикалық институтының филология факультетін бітіргеннен кейін бастады, алдымен Мәртөк ауданының Межреченка мектебінде, содан кейін Новомихайловка орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді. Осы 6 жыл ішінде А. А. Калюжный мұғалімдік жұмыста үлкен тәжірибе жинады, педагогикалық қызметтің көптеген күрделі мәселелерін білді.

1979 жылдың қыркүйегінде Анатолий Калюжный Ақтөбе педагогикалық институтының орыс тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі кафедрасының оқытушысы лауазымына конкурс бойынша сайланады. Ол Қазақстанның педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтының күндізгі аспирантурасына түсіп, 1983 жылдың сәуір айында "Педагогика теориясы мен тарихы" мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

Осы жылдан бастап ол орыс тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, филология факультеті деканының орынбасары, содан кейін біздің университеттің оқу работе жөніндегі проректоры қызметін атқарды. 1996 жылы Ақтөбе педагогикалық институты Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті болып қайта құрылды.



Анатолий Калюжный ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, содан кейін «Психология және педагогика» кафедрасының меңгерушісі қызметін жалғастырды.

2007 жылы ол "Әлеуметтік психология" мамандығы бойынша психология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін диссертациясын сәтті қорғады. 180-ден астам ғылыми еңбектері, оның ішінде 8 монографиясы мен электрондық оқу құралдары бар. Оның басшылығымен 14 ғылым кандидаты және 1 ғылым докторы дайындалды.

17 ақпан

ЛИДИЯ КӘДЕНОВА
туғанына 75 жыл (1952)

1952 жылы Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданында туған. 1967 жылы Ақтөбедегі мәдени ағарту училищесін бітірген. 1970-1974 жж Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының "актерлік шеберлік" мамандығы бойынша бітіріп шықты.

Қазақ Ұлттық консерваториясының (бұрынғы Алматы консерваториясы) "актерлік шеберлік" факультетін бітірген (1970-1974 жж).

1974 жылы Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ балалар мен жасөспірімдер театрының актерлік бөліміне қабылданады. Осы кезге дейін осы қара шаңырақта еңбек етеді. "Тамаша" әзіл-сықақ театрында да жұмыс жасады.

22 ақпан

МАЖИТ БЕГАЛИН
туғанына 105 жыл (1922-1978)

Қарқаралы уезінде (Кеңес Одағы кезінде - Семей облысы Абралы ауданының аумағында) дүниеге келген.

Тоғыз жасында отбасымен бірге Алматы қаласына көшіп келеді, оның әкесі, жазушы Сапарғали Бегалин "Түрксіб" газетінің бас редакторы болып тағайындалған. Мектептің бітіруші сыныбында тау-кен институтының нөлдік курсы бітіріп, маркшейдер болуды жоспарлады. 1943 жылдың көктемінде үйге оң қолсыз оралады.



Сол жылы ВГИК-ке, С.А. Герасимов пен Т. ф. Макарованың шеберханасына орналасады.

Оқуды бітіргеннен кейін Мосфильм киностудиясында жұмыс істеді, оның педагогы Сергей Герасимов түсірген "Жас гвардия" фильмдерінде және Михаил Чиаурелидің "Берлиннің құлауында" екінші режиссер болды. 1949 жылы Қазақстанға оралып, "Қазақфильм" киностудиясында көркемдік жетекші болып жұмыс істейді, 1974 жылы Бегалин "Дала жарысы" фильмін түсірді. Онда оның әйелі Людмила (Олеся) Иванова ойнады, ал басты рөлдердің бірін олардың ұлы Нартай ойнады. Алайда фильм ешқашан экранға шыққан жоқ. Фильм тек 2002 жылы Қазақстандық телеарнада кинорежиссердің туғанына 80 жыл толатын күндері ғана көрсетілді.

1978 жылы 5 мамырда қайтыс болып, Кенсай зиратында жерленген.

25 ақпан

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА құрылғанына 95 жыл (1932)

«Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітахана республикадағы ірі ақпараттық - кітапханалық орталықтардың арасында жаратылыстану-техникалық ғылымдары бойынша жетекші орындардың бірі болып саналады. Кітапхана Қазақстан мәдениетінің, білімінің, ғылымының дамуына елеулі үлес қосып, жоғары деңгейде ақпараттық қолдау көрсетеді, пайдаланушылардың кітапхана ресурстарына, барлық таратылатын ақпараттарға ашық қол жетімділікті ұсынады. Орталық ғылыми кітапхана 1932 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақстандағы бөлімі негізінде құрылған. Кітапханада 6 оқырман залы жұмыс істейді, ғалымдарға, ғылыми қызметкерлерге, ЖОО оқытушыларына, мамандарға, магистранттарға, студенттерге және т.б. оқырмандарға қызмет көрсетіледі.

Кітапхана қорлары ұлттық және шетел басылымдарының, диссертациялардың, ғылыми еңбектердің, Қазақстан ғалымдарының жеке кітапханаларының бай топтамаларынан тұрады. Қордың көлемі 5,0 млн. астам кітапты құрайды.



Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиеттер қоры 210 мың данаға жуық сирек кітаптарды, қолжазбаларды, фотокөшірмелерді, микрофильмдерді, диссертацияларды, авторефераттарды, қазақ тіліндегі кітаптарды, ТМД халықтары тілдеріндегі әдебиеттерді және мерзімді басылымдарды құрайды.

Сирек кітаптар мен қолжазбалардың жалпы хронологиясы: XII, XVI-XXI ғғ. (1940 жылға дейінгі) басылымдар. ҒК әлемнің 71 елінің 630 ғылыми мекемелерімен серіктес бола отырып, 1951 ж. бастап халықаралық кітапалмасу (ХКА) жүргізеді.

1983 жылдан бастап кітапхана өз алдына кітапханалық-библиографиялық үрдістерді автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізіп келеді. Ғылыми кітапханада MarcSQL автоматтандырылған ақпараттық кітапханалық жүйе (ААКЖ) бағдарламасымен жұмыс істейді. Ғылыми кітапхана өзінің Сандық кітапхана үлгісін жасаушы болып табылады, онда 1 мыңнан астам сирек бірегей басылымдардың атаулары, 40 жеке дерекқоры, Қазақстан ғалымдары еңбектерінің электрондық топтамалары бар.

Орталық ғылыми кітапхана ғылыми журналдар баспаларының дерекқорына; Science Direct платформасындағы Elsevier баспасының электрондық ресурстарына (соңғы бес жылдықта 2 мыңнан астам журналдан тұратын 23 тақырыптық топтама), 40 млн. жазудан тұратын жарияланымдардың дәйексөз алу индексі бар Scopus жалпы ғылыми реферативтер базасына, Ресей мемлекеттік кітапханасының (РМК) ғылыми диссертацияларына, e-library толық мәтінді ғылыми құжаттарына, Thomson-Reuters, Springer баспасының Web of Knowledge дерекқорына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Кітапханада қашықтықтан қызмет көрсету – құжаттарды электрондық жеткізу (ҚЭЖ) қызметі енгізіліп, тиімді қолданылып келеді.

Орталық ғылыми кітапхана республиканың ғылыми-библиографиялық қызметінің орталығы ретінде ғылыми библиографиялық, ақпараттық материалдарды дайындайды, 4 библиографиялық: оның ішінде «Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы», «Ұлы тұлғалар», «Қазақстан және әлемдік қауымдастық», «Кітапхана ісінің көрнекті қайраткерлері» сериялары бойынша зияткерлік меншік сертификаттарына ие.



Орталық ғылыми кітапхана - ҚР БҒМ ғылыми-зерттеу мекемелерінің жанындағы 14 кітапхананы қамтитын кітапханалар торабының орталығы.

Ғылыми кітапхана Ғылым академияларының халықаралық қауымдастығының (ҒАХА), ҚР Кітапханалар қауымдастығының, Қазақстан кітапханаларының ақпараттық консорциумының мүшесі болып табылады.

2 наурыз

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ 35жыл (1992)

Қазақстан Республикасы 1992 жылғы 2 наурызда Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі болды. Қазақстан 2017-2018 жылдарға БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мүшесі болып сайланды. БҰҰ Бас хатшысы Антонио Гутерриш БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде сөйлеген сөзінде Қазақстанның әлемді жаппай қырып жоятын қарудан арылту жөніндегі жұмысын және таратпау жөніндегі жаһандық күш жігерін мойындады.

Қазақстанның БҰҰ-дағы ұстанымы Біріккен Ұлттар Ұйымы қарайтын мәселелердің барлық спектрі бойынша Қазақстанның мүдделері негізінде қалыптастырылады. Ұйымның қолдауымен қарусыздану, экономика, экология, әлеуметтік және тұрақты даму, бейбітшілікті сақтау, халықаралық құқықты дамыту, адам құқықтарын құрметтеу, гендерлік теңдік, Терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты ығайтуға ерекше назар аударылады.

5 наурыз

СӘБИТ БАЙМОЛДИН туғанына 85 жыл (1942-2000)

Қазақтың белгілі ақыны Сәбит Баймолдин - 1942 жылы 5 наурызда Байғанин ауданы, Қарабұлақ ауылында дүниеге келген. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. 1964 жылы Қазақ Мемлекеттік Университетінің филология факультетін, кейін Қазақ КСР Ғылым Академиясы М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының аспирантурасын бітірген.



Жоғарғы оқу орнын бітірген соң Байғанин ауданының Байғанин орта мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директорлық қызметте болды. Бұдан соң Республикалық «Қазақстан Мұғалімі» газетінің батыс облыстар бойынша меншікті тілшісі, Батыс Қазақстан темір жол басқармасының органы «Стальная магистраль – Болат жол» газеті редакторының орынбасары, Ақтөбе облыстық кітапқұмарлар қоғамы басқармасының жауапты хатшысы, республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде бөлім редакторы болды.

Алғашқы өлеңдер жинағы «Жер-мекен» деген атпен 1966 жылы «Жазушы» баспасында жарық көрді. Одан кейін «Қырда туған» (1967), «Монолог» (1969), «Қызыл іңір» (1971), «Сағыныш» (1976), «Алтын гүл» (1978), «Сенемін саған» (1980), «Іңкәр күндер» (1982), «Армия семьясы» (1982), «Бесік жыры» (1985), «Тал кеме» (1988), т.б. өлең кітаптары жарық көрді. Тақырыбы жағынан сан алуан болып келетін С.Баймолдин өлеңдері авторлық өзіндік қолтаңбасына тән ырғақ, ұйқастармен ерекшеленеді. Ақын өз туындыларына замандастардың болмыс-бейнесі, тыныс-тіршілігі, моральдық және азаматтық бағыт-бағдары турасындағы ой-толғауларын арқау етті.

Сәбит Баймолдин 2000 жылы 9 желтоқсанда дүниеден озды.

8 наурыз

ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ
туғанына 90 жыл (1937-1967)

Төлеген Айбергенов - 8 наурызда Қарақалпақстанның Қоңырат ауданында туған. Ташкент педагогикалық институтын бітірген (1959).

1959-1962 жж. Қоңырат ауданындағы орта мектепте мұғалім, 1962- 1965 жж. Шымкент облысының Сарыағаш ауданындағы кешкі жастар мектебінде директор, 1965 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы әдебиетті насихаттау бюросында қызмет істеді. Өлеңдері республикалық баспасөзде 1957 жылдан жарияланды.

Туған жерге деген албырт сағыныш пен мөлдір махаббатқа толы бір топ өлеңдері 1961 жылы шыққан «Жас дәурен» атты ұжымдық жинақта басылды.



Қазақ поэзиясына өзіндік жаңа ырғақ, тегеурінді екпін әкелген поэтикалық жыр кітаптары: «Арман сапары» (1963), «Өмірге саяхат» (1965), «Құмдағы мұнаралар» (1968), «Мен саған ғашық едім» (1970),

«Аманат» (1975), «Бір тойым бар» (1981), балаларға арналған «Бақшаға саяхат» суреткітапшасы (1985) жарық көрді. Сондайақ орыс тілінде «Мир созвездия» (1987) деген атпен таңдамалы өлеңдері аударылып басылды. «Ақерке Жайық», «Жаңғырған Маңғыстау», «Қазақстан», «Сені ойладым», «Ақ қайыңдар», «Бір тойым бар», т.б. өлеңдеріне жазылған әндер ел арасына кеңінен танымал.

Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (1974 жылы, қайтыс болғаннан кейін). 1997 жылы ақынның «Таңдамалы өлеңдер» жинағы мен ол туралы жазылған «Біргемін мен сендермен» атты естелік кітап, 2001 жылы «Бір тойым бар» атты жыр кітабы жарық көрді. Жастарға арналған Т.Айбергенов атындағы әдеби сыйлық бар.

22 наурыз

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ
туғанына 125 жыл (1902-1985)

Ғабит Мүсірепов (1902–1985). 22 наурызда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, «Жаңажол» ауылында дүниеге келген. Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі (1958). Социалистік Еңбек Ері (1974). Қазақстанның Халық жазушысы (1984). Тоғыз жасқа дейін өз ауылында оқып, хат таныды.

1916 жылы екі кластық ауылдық орыс мектебінде бір жыл, одан кейін төрт жыл орыс мектебінде оқып, оны 1921 жылы бітірді.

1923 жылы Орынбор қаласындағы жұмысшы факультетіне (рабфакқа) түсіп, онда үш жыл оқыды. С.Сейфуллинмен танысты.

1926 жылы рабфакты бітірген соң, Омбыдағы ауыл шаруашылығы институтында бір жыл оқып, 1927-1928 жылдары Бурабай техникумында оқытушылық қызмет атқарды.

Тұңғыш шығармасы - «Тулаған толқында» повесін осы тұста (1927) жазды. Он жыл бойы баспа орындарында, кеңес, партия мекемелерінде жауапты қызметтер (баспа директоры,



«Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» газеттерінің бас редакторы, Қазақстан КП Орталық Комитетінің бөлім меңгерушісі, Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы Өнер істері басқармасының бастығы қызметін) атқара жүріп, әдеби шығармашылығын үдете түсті. 1938-1955 жылдары бірыңғай жазушылық жұмыспен шұғылданды.

1955-1966 жылдары «Ара» журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы, 1958 жылдан бастап КСРО Жазушылар одағы басқармасы хатшыларының бірі, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі Бүкілодақтық комитеттің мүшесі болды.

1938-1955 жылдары бірыңғай жазушылық жұмыспен шұғылданды. 1955-1966 жылдары «Ара» журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы, 1958 жылдан бастап КСРО Жазушылар одағы басқармасы хатшыларының бірі, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі Бүкілодақтық комитеттің мүшесі болды.

23 наурыз

***СЕРІК ҚИРАБАЕВ
туғанына 100 жыл (1927-2021)***

Серік Смайылұлы Қирабаев 1927 жылы 23 наурызда Қарағанды облысы, Жаңарқа ауданы, Атасу ауылында туған. 1951 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітіргеннен кейін аспирантурада оқи жүріп, Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасының аға редакторы, «Әдебиет және искусство» журналының бөлім меңгерушісі болып істеген.

1952-1955 жылдары «Пионер» журналында редактор, 1955-1958 жылдары. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде меңгеруші, редакциялық алқа мүшесі болды.

1958 жылдан Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында 30 жыл бойы доцент, профессор, филология факультетінің деканы, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, институт ректорының оқу ісін басқаратын орынбасары қызметтерін атқарды.



Филология ғылымының докторы (1964), профессор (1966), КСРО Педагогика ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі (1968), ҚР ҰҒА-ның академигі (1994), Қазақстан және Қырғызстан республикалары ғылымының еңбек сіңірген қайраткері (1977, 1995), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері (1996).

Қазақ әдебиетінің өзекті мәселеріне арналған сын мақалалары мен рецензиялары 1948 жылдан бастап жарық көре бастады. Содан бергі уақытта 800-ден астам әдеби-сын ғылыми мақалалары мен еңбектері жарық көрді. С.Көбеевтің жазушылық жолы жайында кандидаттық диссертация қорғады (1957), «Сәкен Сейфуллин» монографиясы негізінде докторлық диссертация (1964) қорғады.

«Жүсіпбек Аймауытов» атты кітабы ҚР ҰҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды (1994).

1952 жылдан бері қазақ әдебиетінен орта мектепке арналған (IX-X сыныптар) оқулықтар жазумен шұғылданып келеді.

Ол КСРО Жоғарғы Аттестациялық Комиссияның сараптамалық кеңесінің мүшесі, Қазақстан ЖАК-тың төралқа мүшесі, Қазақ энциклопедиясының редакциясының мүшесі және әдебиет жөніндегі кеңестің төрағасы болған. КСРО Жазушылар одағы басқармасы тексеру комиссиясының, КСРО Жазушылар одағы жанындағы Сын кеңесінің мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, одақтың хатшысы, төралқа мүшесі, сын кеңесі төрағасы болып бірнеше жыл істеген.

Көп жылдар бойы Қазақстан Білім министрлігі жанындағы оқу-әдістемелік кеңесінің әдебиет секциясының төрағасы ретінде орта және жоғары мектепке арналған оқулықтар мен бағдарламаларды жаңғырту, жетілдіру ісіне басшылық жасады.

«Қазақ әдебиеті және мектеп», «Қазақ әдебиеті оқулығына методикалық нұсқау» (Қ.Мырзағалиевпен бірге), т.б. көптеген оқулықтары жарық көрді.

Еңбек Қызыл Ту, Халықтар Достығы ордендерімен, көптеген медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» (2005), «Отан» орденінің иегері (2007).



Қазақ календары – дегеніміз ежелгі түркі күнтізбесінің жалғасы. Бұл туралы ұлттық күнтізбе һәм жаратылыстануы ғалым, педогогика ғылымдарының кандидаты Мыңбай Өтежанұлы Исқақов 1963 жылы жарық көрген «Халық календары» атты еңбегінде: «Көне түркілердің әжертәуір астрономиялық білім болған. Олар ерте заманның өзінде-ақ мүшел календарын қолданған» деп жазады.

Мүшел календары - дегеніміз қазақтың жалпақ тілімен айтқанда, 12 жылдық жыл санау. Яғни, 12 жыл бір мүшел болады. Яғни, бірінші жыл - Тышқан, екінші жыл - Сиыр, үшінші жыл - Барыс, төртінші жыл - Қоян, бесінші жыл - Ұлу, алтыншы жыл - Жылан, жетінші жыл - Жылқы, сегізінші жыл - Қой, тоғызыншы жыл - Мешін, Оныншы жыл – Тауық, он бірінші жыл - Ит, он екінші жыл - Доңыз.

Жоғарыдағы мүшел аяқталып, келісі 13-шы жылды санағанда тағы да Тышқан жылынан басталады. Жалпы мүшел есебін қолданатын халықтар көп. Қазақтардан бас түркітекес жұрт: қырғыз, ұйғыр, өзбек, түрікпен, әзербайжан, татар, башқұрт, чуваш, чулым, тыба, қалмық, моңғол, шор, алтай халқы, осман түріктері т.б. «Мүшел есебін ерте дәуірде Үнді, Мысыр, Вавилон, Рим, Греция, елдері қолдаған» деп жазады жаратылыстанушы ғалым Мыңбай Өтежанұлы (Халық календары. - Алматы: Қазақстан, 1980 ж. 254-б).

4 сәуір

**НЕМАТ КЕЛІМБЕТОВ
туғанына 95 жыл (1937-2010)**

Немат Келімбетов (4.4.1937, Өзбекстан, Ташкент облысы Жаңажол қаласы - 15.12.2010 , Алматы) - түрколог-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Шанышқылы руынан шыққан.

ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі. Сарыағаш ауданының Абай ауылындағы орта мектепті бітірген.



Ташкент қаржы-экономика институтын (1959), ҚазМУ-дың филология факультетін сырттай оқып бітірген (1966). 1959 - 1960 жылдары Келес және Сарыағаш аудандық газеттерінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, Қазақстан Ғылым академиясының Экономика институтында кіші ғылыми қызметкер, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы әдебиет, өнер және архитектура салалары бойынша Мемлекеттік сыйлық жөніндегі комиссияның жауапты хатшысы болып жұмыс істеді. «Қазақстан» баспасында редактор (1976 - 81), Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында профессор (1981 - 1997), Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің қазақ тілі кафедрасында профессор (1997 - 2002) қызметтерін атқарған. Әскери атағы - отставкадағы лейтенант.

Хоббиі - кітаптар. Сүйіп оқитын әдебиеті - тарихи, пәлсапалық және психологиялық әдебиет.

Жұбайы - Келімбетова Қуаныш Тазабекқызы. Ұлдары - Мұхит (1964 жылы туған), Қайрат (1969 жылы туған). Немерелері - Қанат (1988 жылы туған), Шынар (1991 жылы туған), Айсұлтан (1993 жылы туған), Азат (1993 жылы туған), Диана (2001 жылы туған), Дәулет (2007 жылы туған), Даниал (2011 жылы туған).

2010 жылдың желтоқсан айында қайтыс болған.

15 сәуір

ҒАРИФОЛЛА ЕСІМ туғанына 80 жыл (1947)

Есім Ғарифолла 1947 ж. туған. Ғалым, философия ғылымының докторы (1994), профессор (1995), Қазақстан ҒА-ның корреспондент мүшесі (1995).

1970 - Семей педагогикалық институтының филология факультетін бітірген. Оқытушы, аға оқытушы, Н.К.Крупская атындағы Семей педагогикалық институтының философия кафедрасы. 1970-1972ж.ж.

Ленин атындағы Мәскеу педагогикалық институтының стажер - ізденушісі 1972-1973ж.ж. Ленин атындағы Мәскеу педагогикалық институтының стажер - ізденушісі 1972-1973ж.ж.



С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Жоғарғы оқу орнынан кейінгі философия және экономика факультеті. Мамандығы - философия пәні мұғалімі. 1974-1977ж.ж.

Н.К.Крупская атындағы Семей педагогикалық институтының философия кафедрасының меңгерушісі 1982-1989ж.ж.

Қазақ КСР Ғылым академиясының Философия және құқық институты, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Ғылыми қызығушылығы: мәдениет философиясы, саясат тану философиясы, антропология философиясы, дінтану, философия тарихы, қазақ философиясы.

Ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру 2015- 2017ж.ж. ҚР БҒМ ғылым комитеті, ««Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының әлеуметтік – рухани және мәдени - өркениеттік аспектілері». Жоба басшысы кеңесшісі, Аға ғылыми қызметкері 1989-1991ж.ж.

Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің бейнелеу және қолданбалы өнер факультетінің деканы. 1992- 1998ж.ж.

Абай атындағы ғылым Алматы мемлекеттік университетінің философия және әдістемесі кафедрасының меңгерушісі. 1998-2001ж.ж.

Философия және саясаттану факультетінің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің деканы. 2001-2007ж.ж.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты. 2007-2013ж.ж.

2013 жылдың қыркүйек айынан бастап осы уақытқа дейін - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әлеуметтік ғылымдар факультеті, философия кафедрасының меңгерушісі.

26 сәуір

ШОТА УӘЛИХАНОВ
туғанына 95 жыл (1932-2021)

Шота Уәлиханов 1932 жылы 26 сәуірде Көкшетау өңіріндегі Айыртау ауданы, Сырымбет ауылында дүниеге келген.

1956 жылы Мәскеуде архитектура институтын бітірген соң, «Казгорстройпроект» жобалау институтында архитектор, содан кейін КСРО Құрылыс және сәулет академиясының Қазақ филиалында кіші ғылыми қызметкер, Алматы қаласы бас сәулетшісінің орынбасары,



республикалық Мәдениет және тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамы төрағасының бірінші орынбасары, «Казграждансельпроектінің» Бас сәулетшісі, 1973-1982 жж. Қазақстан Сәулетшілер одағының төрағасы, КСРО Сәулетшілер одағы басқармасының хатшысы, 1990–1995 жж. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында өнер және сәулет бөлімінің меңгерушісі болған.

1995 жылдан осы кезге дейін Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі Қазақ қоғамы орталық кеңесінің төрағасы әрі Халықаралық Абылай хан қорының президенті. «Ақ нұр» (1982), «Тағдыр» (1984, үшінші жүлде алған), «Террор» (1998), сондай-ақ «Жас Шоқан», «Шоқанның ақ түні» т.б. пьесалары театр сахнасында қойылып жүр.

1965 жылы «Таспен жазылған симфония» атты повесі жарық көрген. Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі (1999), Халықаралық Шығыс елдері сәулет өнері академиясының академигі (2001), профессор (1998), ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері (1970), Республиканың Еңбек сіңірген сәулетшісі.

ҚР Сәулетшілер, Суретшілер одақтарының мүшесі. Алматыдағы Тәуелсіздік монументінің, Астана қаласындағы Кенесары ескерткішінің (2001), Семейдегі атом құрбандарына арналған монументтің (2001), Көкшетаудағы Талғат Бигельдинов бюстінің - барлығы 20 шақты ескерткіштің авторы (өзгелермен бірлесіп).

ҚР елтаңбасы авторларының бірі. Әлемдік Шыңғысхан академиясының Құрметті президенті (академигі). «Құрмет» орденімен марапатталған. Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері (2001).

2 мамыр

КҮЛӘШ БӘЙСЕЙІТОВА
туғанына 115 жыл (1912-1957)

Күләш Жасынқызы Бәйсейітова (1912-1957) - қазақтың әйгілі әншісі (лирика-колоратуралық сопрано), қазақ опера өнерінің негізін салушылардың бірі, қоғам қайраткері. КСРО халық артисі (1936). КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1948-1949).



Туып-өскен жері - Қарағанды облысының Шет ауданы. Топырақ бұйырған жері - Алматы қаласы.

Күләштің әншілік өнерге бейімділігі жас кезінен-ақ байқала бастаған. Оның бойындағы қабілеттің ұшталуына ән мен күйге жүйрік әкесі Жасынның да әсері зор болған. Жеті жылдық мектеп бітірген соң Күләш Қазақтың педагогикалық институтына түсіп, мұндағы көркем - өнерпаздар үйірмесіне белсене араласады.

Қала жастарының өнер байқауларында әншілік дарынымен көзге түседі. Содан 1930 жылы Қазақтың тұңғыш драма театрының труппасына қабылданады. Күләш сахна өнерінің қыр-сырына қызыға ден қойып, кешікпей-ақ театрдың белді артистерінің қатарынан көріне бастайды. Ол аз уақыттың ішінде Б.Майлиннің «Майдан» пьесасында Пүліштің, Н.В.Гогольдің «Үйлену тойындағы» Агафия Тихонованың, М.Тригердің «Сұңгуір қайығындағы» Клавдияның, Қ.Бәйсейітов пен А.Шаниннің «Зәуресіндегі» Зәуре, М.Әуезовтың «Еңлік- Кебегіндегі» Еңліктің рольдерін ойнап, сахналық тамаша қабілетімен танылады.

Образдардың табиғатын тап басып тану, ол танығанын өмірлік шынайы шеберлікпен жеткізе білу, әсіресе туа біткен әншілік қабілеті кейіпкер болмысын аша түсуі де Күләштің сахна өнері үшін жаралған жан екенін әйгілей түседі. Күләш 1933 жылы жаңадан ашылған музыка студиясына қабылданады. Алғаш рет Қазақ музыка театрының шымылдығы 1934 жылы «Айман-Шолпан» (М.Әуезов, И.В.Коцых) музыкалық комедиясымен ашылғанда, Күләш басты рольді үлкен шеберлікпен ойнап, Айман бейнесі арқылы Қазақ қыздарының ар-намыстан жаралғандай парасатты болмысын шабытпен тұлғалайды. Мұнан әрі Күләштің ғажайып қабілеті мен дарыны Б.Майлин мен И.В.Коцыхтың «Шұғасындағы» - Шұға, Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсындағы - Жібек образдарын сомдау барысында одан әрі жарқырап ашыла түседі. Бұл рольдер арқылы оның бойындағы әншілік - артистік қабілеттің ғажайып мүмкіндіктері барша болмысымен көрініс тауып, қазақ сахна өнерінің соны табысы ретінде жұртшылықтың ықылас- ілтипатына бөленді. Ол жаңа қаз басқан қазақ сахна өнерінің шын мәнінде тірек тұлғасына, ұйтқысына айналды.



Аз уақыт аясында Е.Брусиловскийдің «Жалбыр», «Ер Тарғын», «Алтын астық», «Гвардия алға», А.А. Зильбердің «Бекет», И.Н. Надировтың «Терең көл», А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай», М. Төлебаевтың «Біржан- Сара», Пуччини Д.Ж.Пуччинидің «Чио-Чио-Сан», П.И.Чайковскийдің «Евгений Онегин», А.Рубинштейннің «Демон» сияқты операларында басты рольдерде ойнап, басты вокальдық партияларды орындап, қайталанбас хас шеберлігімен танылды. Бір- біріне ұқсамайтын кереғар образдар, иірім-қайырымы әр алуан вокальдық партиялар Күләштің көп қырлы, алуан сырлы дарынының арқасында алмастай жарқырап ашылып, эстетикалық эмоциялық қуаты мейлінше тегеурінді образдар галереясы жасалды.

Күләш Бәйсейітова концерттік әнші ретінде де дүние жүзіне танылған қайталанбас дарын иесі бола білді.

15 мамыр

ХИУАЗ ДОСПАНОВА туғанына 105 жыл (1922-2008)

Хиуаз Доспанова екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қазақтан шыққан тұңғыш ұшқыш әйел Хиуаз Қайырқызы Доспанова 1922 жылы 15 мамырда қазіргі Атырау облысында дүниеге келген.

Хиуаздың балалық шағы нәубетті жылдармен тұспа-тұс келді. Ол Орал қаласындағы жалғыз қазақ мектебіне іліге алмай, №1 орыс мектебінде білім алады. Мектептегі оқуымен бірге Оралдағы аэроклубта қатар оқыды.

1940 жылы мектепті үздік бағамен тәмамдап қана қоймай, "Запастағы ұшқыш" куәлігін де қоса алып шығады. Осылайша арман қуып, Мәскеудегі Жуковский атындағы әскери-әуе академиясына түспек болады. Алайда ондағылар академияға тек ерлер ғана қабылданады деген желеумен қазақ даласынан келген қыздың құжаттарын қабылдамай қояды. Алғашқы қадамы сәтсіз болса да, Хиуаз кері қайтпай, Мәскеудің бірінші медициналық институтына түседі. Араға бір жыл салып, соғыс өрті тұтанады.

Осы кезде қазақтың қайсар қызы майданға медбике, тегі болмаса, санитар болып кетсем бе деп, талпынып жүрген.



Сөйтіп жүргенде ол әйгілі ұшқыш Марина Раскованың қыз-келіншектерден жасақталған авиаполк құрып жатқанын естиді. Осылайша ол ойланбастан полк басшылығына келіп, Оралдағы аэроклубта меңгерген ұшу дағдыларын көрсетіп, өжеттігімен көзге түсіп, жауынгерлер құрамына қабылданады.

Отан алдындағы борышын өтеуге бел буған жауынгер қыздар Саратов қаласының әскери әуе училищесіне жіберіледі. Мұнда штурмандар даярлайтын арнайы курсты аяқтап, 1942 жылдың көктемінде сол кездегі авиация тарихында тұңғыш рет құрылған, түнгі мезгілде жау шептерін бомбалайтын әйелдер авиаполкінің құрамында майданға аттанады.

Хиуаз Доспанова қызмет еткен полк Солтүстік Кавказ, Кубань, Қырым, Украина, Белоруссия, Польша, Германия аспанындағы шайқастарға қатысқан. Қазақ қызы қан майданда 300-ден аса жауынгерлік операция орындап, аса маңызды жау шебін талқандайды. Түн қараңғысында жауға қырғидай тиген Хиуаз Доспанова соғыс кезінде ұшақтан 14 рет құлаған екен. Төрт мәрте ауыр жарақат алса да, есін жиысымен ұрыс даласына қайта оралып отырған.

Кеңес Одағының батыры атағын алған Марина Чечнева өзі Хиуаздың шеберлігі жайлы былай деп жазған еді: Хиуаз Доспанова ұшағын нысанаға ылғи да дәл апаратын және өз аэродромына да сондай дәлдікпен қайта оралатын.

Қан майданда жаумен алысып, Отан үшін от кешкен қазақ талай мәрте өлім аузынан аман қалған.

Бірде жау шебін талқандау үшін кезекті әскери тапсырманы орындау кезінде Хиуаз мінген ұшақ бір мая шөпке соғылады. Абырой болғанда, ұшақтағы бомба жарылмай қалады. Алайда қазақ қызының миы шайқалып, аяғы жараланып, бір ай госпитальда жатады. Емделіп шыққан соң, қызметіне қайта кіріседі.

1943 жылдың көктемінде Хиуаз Доспанова тағы да өліммен бетпе-бет келді. Ұшқыш қыздардың алдына Кубаньды жаудан азат ету міндеті қойылды. Хиуаз Доспанова мен Юлия Пашкова кезекті тапсырманы орындап, аэродромға қайтып келе жатқанда, Макогон мен Свистунова басқарған ұшақпен соқтығысып қалады.



Үш қыз мерт болады, ал Хиуаз қауіпсіздік белдігін тақпағанының арқасында аман қалған.

Хиуаз Доспанованың ерлігі Кеңес Одағының батыры атағын алуға лайық болғанымен, одақ бұл атақты қазақтың ұшқыш қызына қимады. Халық жазушысы, соғыс ардагері Әзілхан Нұршайықовтың Хиуаз туралы жазбасында "Ұлы Отан соғысында Талғат Бигелдинов жау тылына-305, Леонид Беда-211, Сергей Луганский 390 рет ұшып, жауынгерлік тапсырманы орындап, үшеуі де екі мәрте Кеңес Одағының батыры атағына ие болды. Олар қуаты күшті ұшақтарды басқарды. Жер бауырлап ұшатын ПО-2 ұшағының жау ұшағымен шайқасар қуаты жоқ..."-деп жаза келе, Хиуаз Доспанова кішкене ғана фанера ұшақпен 300-ден астам рет әуеге көтеріліп, жауға ойсырата соққы бергенін айтып, қанатты қыздың ерлігі соғыс жылдарында бағаланбаса да, бейбіт өмірде бағалануы тиіс деп өз ойын ашық жазған еді.

2004 жылы Хиуаз Доспановаға еліміздегі ең жоғары марапат – "Халық Қаһарманы" атағы беріліп, "Алтын жұлдыз" белгісі тапсырылды. Бұл кезде апамыз 82 жаста еді. Ұлы Отан соғысында айрықша ерлік көрсеткен ұшқыш қызды халқы осы сәттен кейін ғана жақынырақ танып, біле бастады.

Майдандағы ерлігі үшін ол "Қызыл жұлдыз", II дәрежелі "Отан соғысы", "Еңбек Қызыл Ту" ордендерінің иегері.

Қазақтың тұңғыш әйел ұшқышы Хиуаз Доспанова 2008 жылдың 20 мамырында 86 жасында дүниеден озды.

Бүгінде батырдың туған жері Атырау қаласында Хиуаз Доспановаға арналған ескерткіш бар. Атыраудағы спорт сарайына, Алматы қаласында өзі тұрған көшеге аты аңызға айналған ұшқыштың есімі берілді. Бұған қоса, "ЭйрАстана" әуе компаниясы Embraer 190 ұшағына Хиуаз есімін берді.

22 мамыр

ЖАЙШЫЛЫҚ САРТАБАНОВ
туғанына 85 жыл (1942)

Жайшылық Сартабанов Физика-математика ғылымдарының докторы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры.



Жайшылық Сартабановтың Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде табан аудармай қызмет еткеніне жарты ғасырдан асты, оның ішінде он бес жыл физика-математика факультетінің деканы болды. Бүгінгі таңда үйреншікті білім ордасында математикалық ғылыми орталықтың жетекшісі.

Министрлік жоғары оқу орнын үздік үлгеріммен бітірген жас маман Жайшылық Сартабановқа жаңадан ашылған Ақтөбе педагогикалық институтында жұмыс істеуге жолдама берді. Сонан бері елу алты жыл өтті. Институт ірілендіріліп, университет атауын алды, кейін одан педагогикалық институт енші алып, бөлек шықты. Арада жылдар өткенде екі жоғары оқу орны қайта біріктірілді. Еліміздің егемендігі жарияланғаннан бергі кезеңде білім саласында министрлердің алмасуымен осылай қанша реформа қолға алынды десеңізші?! Біздің кейіпкеріміз кезіккен сынақтарда табанды қалпынан ауытқымай бір оқу орнында шәкірттерге математиканың қыр-сырын үйретуге бар күш-жігерін жұмсады. Өзі де есейді, соңында ғалымдардың үлкен шоғырын қалыптастырды.

Оның ғылыми жетекшілігімен жеті кандидаттық, бір докторлық және бір PhD докторлығы диссертациялары қорғалуы - соның айғағы. Терең білімді ізденістер нәтижесінде 4 монография, 5 әдістемелік оқу құралдары баспадан шығарылды, 420-дан астам ірілі-ұсақты ғылыми-әдістемелік жарияланымдардың авторы. Факультеттің оқу ғимаратында өзіне жол көрсетіп, баулыған ұстазы, әйгілі ғалым Дәулет Үмбетжанов атында пәндік аудитория жасақталды.

27 мамыр

МЫРЗАТАЙ ЖОЛДАСБЕКОВ
туғанына 90 жыл (1937)

Мырзатай Жолдасбеков (27.5.1937 жылы туылған, Жамбыл облысы, Талас ауданы, Ақтөбе ауылы) - мемлекет қайраткері, ғалым, филология ғылымының докторы (1993), профессор (1993).

1954 - 55 жылдары Ақкөл аудандық кеңесінің хатшысы болып қызмет атқарған. ҚазМУ-ді бітірген (1960). 1960 - 64 жылдары осы университеттегі қазақ әдебиеті кафедрасында ассистент, 1964 - 67 жылдары аспирант.



1970 - 74 жылдары аға оқытушы, доцент, 1974 - 77 жылдары филология факультетінің деканы болды.

1977 - 87 жылдары Талдықорған педагогика институтының ректоры, 1987 - 88 жылдары Қазақстанның оқу министрі, білім министрінің бірінші орынбасары, 1988 - 90 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде бөлім меңгерушісінің бірінші орынбасары, бөлім меңгерушісі, 1990 жылдары Қазақстанның Мемлекет кеңесшісі, 1991 - 93 жылдары Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары, 1993 - 97 жылдары Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі, 1997 - 2000 жылдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі жанындағы Дипломатиялық академияның ректоры қызметтерін атқарды. 2000 жылдан Астанадағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. Жолдасбеков қазақ әдебиетінің алғашқы қайнар бастауларын, Жамбыл Жабаев шығармашылығын зерттеуге мол үлес қосты.

Түрік қағанаты кезіндегі Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін қазақ ғалымдары арасында алғашқылардың бірі болып жаңаша зерделеп, қазақ тіліндегі аудармасын ғылыми айналымға енгізді. Жамбылдың ақындық мектебін зерттеп, оның тұтастары мен шәкірттерінің туындыларын жан-жақты талдады. Халықтар достығы - Құрмет ордендерімен марапатталған.

4 маусым

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІНЕ
35 ЖЫЛ (1992)**

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң 2007 жылы 4 маусымда қабылданды. Осы Заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді.

Мемлекеттік рәміздер - бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз атрибуттарының бірі. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік ту, Мемлекеттік елтаңба және Мемлекеттік гимн мемлекеттік рәміздер болып табылады.



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы - ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Шәкен Ниязбеков.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы - дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде - бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «Қазақстан» деген жазу - алтын түстес. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторлары - белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот- Аман Уәлиханов.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні

Бұрын «Менің Қазақстаным» әні ретінде танымал болған Қазақстанның гимні Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша 2006 жылы 6 қаңтарда еліміздің Парламентінде бекітілді. Бірінші рет ол 2006 жылы 11 қаңтарда Мемлекет басшысының салтанатты ұлықтау рәсімінде орындалды. Әннің авторы Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев.



Мұхтар Шаханов - 1942 жылы 2 шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шілік ауылында дүниеге келген.

Жеті жылдық мектепті бітірген соң, трактордың тіркеушісі, облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінде корректор, әдеби қызметкер, «Лениншіл жас» газетінде оңтүстік облыстар бойынша меншікті тілші, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, республикалық «Жалын» журналының бас редакторы, т.б. қызметтер атқарды.

КСРО халық депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, ҚР Халық депутаты болды. 1993-2003 жж. Қазақстан Республикасының Қырғыз республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметінде болды. 2003-2004 жж. «Жалын» журналының бас редакторы, әлем ойшылдарының басын біріктіретін «XXI ғасыр және Руханият» атты халықаралық элита клубының Президенті.

2004 жылы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болды. Көптеген өлең кітаптарының және халық арасына кең тараған бірқатар әндердің авторы. Балладалары мен поэмалары дүние жүзі халықтарының 20-дан астам тілдеріне аударылған. «Махаббат заңы», «Сенім патшалығы», «Сократты еске алу түні» атты драмалары республикамызда және шетел театрларында қойылған. Ш.Айтматовпен бірлесіп жазған «Құз басындағы аңшының зары» атты эссе кітабы мен «Сократты еске алу түні» драмасы көптеген тілдерге аударылған.

«Шыңғыс ханның пенделік құпиясы» драмалық туындысы негізінде Украинаның Довженко атындағы киностудиясы екі сериялы телефильм шығарды. «Уақыт бедерлері», «Зерде кітабы» атты жинақтары орыс тілінде шықты. Қырғыз Республикасының Халық ақыны (1994), Қазақстан Республикасының Халық жазушысы (1996), БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасы сыйлығының, Қазақстан және Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлықтарының, Түрік Республикасының «Түрік дүниесіне қызметі үшін» халықаралық сыйлығының және Қырғыз Республикасы халықаралық «Руханият»,



түрік дүниесі жазушылар бірлестігінің «Шахрияр», ЮНЕСКО-ның «Боорукер» клубы сыйлықтарының иегері.

2002 жылы «Жазагер жады космоформуласы» шығармасы үшін Калифорния Ғылым, индустрия, білім және өнер академиясының А.Эйнштейн атындағы алтын медалі, Түркияның Гебзе қаласында «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» сыйлығы берілген. «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған.

Шығармалары: Бақыт. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1968; Ай туып келеді. Балладалар мен өлеңдер. А., «Жазушы», 1970; Қырандар төбеге қонбайды. Балладалар, өлеңдер, поэмалар. А., «Жазушы», 1974; Сенім патшалығы. Балладалар, өлеңдер, поэмалар. А., «Жалын», 1979; Махаббатты қорғау.

Балладалар, өлеңдер, поэмалар. А., «Жалын», 1982; Уақыт бедерлері. Балладалар, өлеңдер, поэмалар (орыс тілінде). А., «Жазушы», 1982; Зерде кітабы. Өлеңдер, балладалар, поэмалар (орыс тілінде). А., «Жалын», 1983; Өркениеттің адасуы. А., Жаңа қазақтар. Өлеңдер. А., «Білім», 2001. Шымкент педагогикалық институтын бітірген (1969). Оңтүстік Қазақстан (1960- 65), Лениншіл жас (1965-70) газеттерінде, республикалық телевизия, радио редакцияларында (1971-75) істеді. 1976 жылдан Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің баспа, полиграфия және кітап саудасы жөніндегі мемлекеттік комитетінде бөлім бастығы. Алғашқы өлеңі (Сырдария) 1959 жылы жарияланды. Тұңғыш өлеңдер жинағы (Бақыт) 1966 жылы жарық көрді. М.Шахановтың Балладалар (1968), Ай туып келеді (1970), Қырандар төбеге қонбайды (1974), Сенім патшалығы (1976) атты кітаптары шықты. Өлеңдерінде философиялық ой басым.

Махаббат заңы атты поэзиялық спектаклі республикалық театр сахнасына қойылды (1974). Мұхтар Шаханов көптеген әндер мәтінін жазды. Мәтінін де, музыкасын да өзі жазған Жұбайлар жыры, Туған күн кешінде, Гүл дәурен, Мен саған ғашық едім атты әндері жұртшылыққа кеңінен таныс. М.Шаханов - Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (1972). Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, республикалық Жалын журналының бас редакторы т.б. қызметтер атқарды.



КСРО халық депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, ҚР-ның Халық депутаты.

М.Шахановқа «Жазагер жады космоформуласы» атты шығармасы үшін Калифорния Ғылым, Индустрия, Білім және Өнер академиясының А.Эйнштейн атындағы Алтын медалі мен Түркияның Гебзе қаласында «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» атағы берілді. «Нобель» сыйлығының 100 жылдығына орай Тамбов қаласында өткен «Нобель» сыйлығы лауреаттары мен нобелшілердің халықаралық конгресінде «Нобель» ақпарат орталығы, «Нобель» қоры, Ресей жаратылыс ғылымдары академиясы бірлесіп бекіткен «Нобельдің Алтын медалімен» марапатталды.

Көрнекті ақын, драматург, қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Шаханов 84 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

3 шілде

СЕРІК АҚШОЛАҚОВ туғанына 75 жыл (1952)

Серік Қуандықұлы Ақшولاқов (3 шілде 1952 жылы, Ақтөбе облысы Шалқарда туған) - қазақстандық нейрохирург дәрігері, ғалым, медицина ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстанның Еңбек Ері. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері. Ұлттық Нейрохирургия орталығының президенті.

Ақтөбе медицина институтын (қазіргі Батыс Қазақстан медицина академиясы, М.Оспанов атындағы) бітірген (1975 жылы). 1976 – 81 жылдары Ақтөбе облысы ауруханасында нейрохирург, 1981 – 89 жылдары Москва нейрохирургия ғылыми - зерттеу институтында клиникалық ординатор, аспирант, 1989 - 92 жылдары Алматыдағы дәрігерлер білімін жетілдіру институтында нейрохирург, 1996 жылдан сонда кафедра меңгерушісі. Сонымен бірге 1992 жылдан Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бас нейрохирургі.

Негізгі ғылыми - зерттеу жұмыстары бас миы ішінен және ми қабыршағынан болатын орталық жүйке жүйесі мен жұлын ісіктерін, бас сүйек - ми жарақаттарын емдеу мәселелеріне арналған.



Ақшолақов нейрохирургиялық ауруларға қатысты барлық хирургиялық әдістерді өз іс - тәжірибесінде қолдана отырып, мидың ең күрделі саналатын базальдік бөлімдеріне, ми бағанасына, қарынша жүйесіне, ми тамырларына хирургиялық операция жасайды. 8 патент пен авторлық куәліктің иегері, 150-ден астам ғылыми еңбегі және 6 монографиясы жарық көрді. Ақшолақовтың жетекшелігімен 15 клиникалық ординатор дайындалып, 2 докторлық және 18 кандидаттық диссертация қорғалды.

15 шілде

МӘНШҮК МӘМЕТОВА
туғанына 105 жыл (1922-1943)

Мәншүк Мәметова 1922 жылы Орал облысы Орда ауданы Жасқұс ауылында дүниеге келген. Азан шақырып қойған аты Мәнсия. Бес жасынан бастап оны әкесінің немере інісі Ахмет Мәметов және әйелі Әмина асырап алған. Үлкен қара көзі, пысықтығы, ширақтығы үшін олар баланы еркелетіп «Моншағым» деп атады. Өзінен атын сұрағанда, бала «Мәншүк» деп жауап берген. Солай аты Мәншүк боп қала берді.

1937 жылдың қуғын-сүргініне Мәметовтер әулеті де ұшырады. Ғылыми – зерттеу институтының директоры Ахмет Мәметов қамауға алынды. Ол кісінің әйеліне айтқан соңғы сөзі: «Менің Мәншүгімді ренжітпе, аман сақта». Кейіннен Ахмет Мәметовті ақтады, бірақ олардың отбасы қудаланып, «халық жауы» аталды.

Есейген Мәншүк әкесінен бас тартпады, оны сатпады. Ол әкесінің қамалуын қате деп санады. Мектепті бітіргеннен соң Мәншүк медицина институтына оқуға түсті.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда Мәншүк 18 жаста болатын. Ол соғысқа бару, Отанын қорғау туралы шешім қабылдады. Өтінішінде: «Фашистерді жою үшін майданға жіберетін менің ағайым да, апайым да жоқ, сондықтан өзімді жіберіңіз», - деп жазған. 1939 жылдан бері комсомолмын. 1941 жылдың 7-ші тамызы».

Бір жыл бойы Мәншүк әскери комиссариаттан өзін әскерге жіберу туралы өтінді. 1942 жылдың 13-ші тамызында Алматыдан 100-ші атқыштар бригадасы майданға аттанды.



Оның құрамында 4890 жауыңгер, оның ішінде 2 қазақ қызы - дәрігер Мәриям Сарлыбаева және Мәншүк Мәметова болған екен. Бригаданы ұлы дана ақын Жамбыл өлеңімен шығарып салыпты.

Әскердің қиындығын Мәншүк ерлермен қатар көрді - жер жорғалап, судан жүзіп, қалың ну ормандардан өтті, пулемет атып үйренді. 21-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының ең жақсы пулемет атқышы атағына ие болды. Ол ержүректің үлгісі болды, оны дивизия жауыңгерлері мақтан тұтты. 1943 жылдың 15-ші қазанында Псков облысындағы Невель қаласын босату үшін Изоча станциясындағы 173,7 биіктігінде өте қатал соғыс болды. Мәншүк өзінің әскери бөлімінің шабуылын пулемет отымен қолдады. Мәншүктің басына оқ тиді. Соңғы күшін жинап, Мәншүк пулеметін ашық жерге алып шығып, жолдастарына жолды тазалап, фашистердің тікелей бетіне атқан. Өлі Мәншүк пулеметтің саптарын қолына тастай қатты қысып алған. Сол қан майданда Мәншүк Мәметова ерлікпен қаза тапты.

Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен 1944 жылдың 1-ші наурызында неміс басқыншыларымен соғысу майданындағы қолбасшының әскери тапсырмаларын бұлжытпай орындағаны үшін, көрсеткен ерлігі үшін Мәншүк Мәметоваға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Қаһарман қыздың өмірі мен өшпес ерлігі жайлы «Мәншүк туралы ән» (авторы - А. Михалков-Кончаловский, режиссері М. Бегалин) көркем фильм түсірілді.

19 шілде

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК КІТАП ПАЛАТАСЫ
құрылғанына 90 жыл (1937)**

Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасы Қазақ КСР Мемлекеттік Кітап Палатасы Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1937 жылғы 19 шілдедегі "Қазақ КСР Мемлекеттік Кітап Палатасын құру туралы" бірлескен Қаулысы негізінде ұйымдастырылды.



Кітап Палатасы 1937-1945 жылдары Қазақстанның Оқу Халық Комиссаритына, 1945-1953 жылдар аралығында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы мәдени-ағарту мекемелері басқармасына, 1953-1963 жылдары Қазақстанның Мәдениет министрлігіне, ал 1963 жылдан бастап, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Баспасөз жөніндегі Мемлекеттік кабинетіне бағынды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Кітап Палатасы Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 6 сәуір 1993 жылғы №270 қаулысымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Мемлекеттік Кітап Палатасы болып өзгертілді.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің құзырында.

1 тамыз

ЕРКЕҒАЛИ РАХМАДИЕВ
туғанына 95 жыл (1932-2013)

Еркеғали Рахмадиұлы Рахмадиев (1.08.1932 жыл, Семей облысы Шұбартау ауданы, Мәдениет ауылы - 9.04.2013 жыл, Алматы) - композитор, КСРО халық әртісі, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын профессор Е. Г. Брусиловскийдің композиция класы бойынша бітірген.

Ол қазақ музыкасының ұлттық ерекшелігі болып табылатын симфониялық күй жанрына негіз салушылардың бірі. Оның көркемдік тәсілі халықтық - әндік материалды қазіргі замандық музыка тілімен үндестірумен ұтады. Рахмадиевтің шығармалары: “Қамар сұлу”, “Дала таңы”, “Алпамыс” опералары, “Дайрабай”, “Құдаша-думан” симфониялық күйлері, “Аманкелді”, “Толғау” симфониялық поэмалары, “Аястан” кантатасы, “Балқаштағы кеш” хорлық поэмасы Қазақстанда және шетелдерде жақсы танымал. Абақ Керей тайпасының Жастабан руынан шыққан.

П.И. Чайковский атындағы Алматы музыкалық училищесінің тарихи-теориялық бөлімі мен домбыра классын (1952); Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының Е. Брусиловский



композициясы классын (1957) композитор мамандығы бойынша; КСРО Композиторлар кеңесіне қарасты Г.И. Литинский мен Ю.А. Фортунатовада біліктілікті жоғарылату курстарын (1957-1958) бітірген.

Қазақ ұлттық музыка академиясының профессоры (2003). Композитор. Симфониялық күй жанрының негізін қалаушы.

1949-1952 жылдары - Қыздар педагогикалық училищесінің музыка пәнінің оқытушысы (Алматы қ.). 1958 жылдан - Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерватория жанындағы фольклор кабинетінің меңгерушісі. 1959 жылдан - Қазақ филармониясы «Қазақконцерт» Қазақ мемлекеттік концерттік бірлестігінің көркемдік жетекшісі. 1962 жылдан - ҚазКСР Мәдениет министрлігі Бас басқармасының бастығы. 1965 жылдан - Мемлекеттік өнер институтының аға оқытушысы. 1966 жылдан - Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының директоры. 1967-1975 жылдары - Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының ректоры. 1968 жылдан - Қазақстан Композиторлар одағының төрағасы, бірінші хатшысы. 1991 жылдан - ҚР Мемлекеттік мәдениет жөніндегі комитетінің төрағасы. 1992-1993 жылдары - ҚР мәдениет министрі. 2003 жылдан - Қазақ ұлттық музыка академиясының профессоры (2009 жылдан - Қазақ ұлттық өнер университет).

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің 7-11-ші шақырылымдарының депутаты (1967-1991). КСРО Халық депутаты (1989-1991). КСРО Композиторлар одағының хатшысы (1968-1991).

«Отан» (2000), Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерімен; медальдармен марапатталған. ЮНЕСКО Халықаралық музыкалық трибунасының лауреаты (1973), «Біз партияны жырлаймыз» және «Конституция туралы поэма» кантаталары үшін ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығын (1980) алған.

ҚазКСР Еңбек сіңірген өнер қайраткері (1967). ҚазКСР Халық әртісі (1974). КСРО Халық әртісі (1981). Қазақстанның Еңбек Ері (2010). Үйленген. 3 баласы бар.



Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов 1922 жылы 5 тамызда Ақмола облысы Майбалық ауылында дүниеге келеді. Дегенмен, Талғаттың отбасы Бішкек қаласына қоныс аударып, балалық және жастық шағы қырғыз топырағында өтеді.

Ең алғаш Талғаттың ұшуға деген құштарлығы 16 жасында жергілікті аэроклубқа келгенде ашылады. Алайда комиссия 16 жасар Бигелдиновты аэроклубқа қабылдаудан бірнеше рет бас тартады. Оған себеп, салмағының тым аз болуы. Бірнеше рет болашақ ұшқыштың бетін қайтарған аэроклуб қызметкерлері тіпті, оған жиі ұрысатын. Артынан белгілі болғандай, нұсқаушылар әдейі болашақ жауынгерлердің табандылығы мен психикалық жағдайын тексереді екен.

1940 жылы ол Саратов қаласына келіп, Балашовск әскери авиациялық ұшқыштар мектебіне түседі. Содан кейін ол Орынбордағы Чкаловск әскери авиациялық училищесіне ауыстырылады.

1943 жылдың қаңтар айында 21 жасар Талғат майдан шебіне аттанады. Батырдың әскери өмір жолы Калинин майданындағы 296 авиадивизияның 800 шабуылшы авиациялық полкінде басталады.

1943 жылғы қыркүйекте Днепр үшін ұрыста жауға аянбай қарсы тұрады. Осы шайқаста Бигелдиновтың ұшағы зақымданып, өртене бастайды. Сонда ол ұшағын жау техникасы жасырынған тұсқа бағыттап, өзі ұшақтан секіріп үлгіреді. Оның әуедегі бұл ерлігі фотосуретке түсірілген.

Тағы бір ерлігі, ол сол жылдың көктем айында жаудың жойғыш ұшағын (истребитель) қарапайым ұшақпен дәл көздеп атып, жойған тұңғыш ұшқыш болды. Шын мәнінде немістің шебер ұшқыштары мұндай көзсіз батырлықты жиырма жасар жігіттен күтпеген еді. Осылайша, жас Талғаттың күрделі шайқастың тағдырын шешкені тарихта ерекше атаумен қалды. Айта кету керек, содан кейін Талғаттың осы ерлігін қайталағандар көбейді.



Соғыстан кейін Қарулы күштер қатарына ауысып, командирдің орынбасары және авиациялық полк штабының бастығы қызметтерінде болған. 1956 жылдан бастап қосымша әскери күш құрамында (запас). Ұзақ уақыт бойы құрылыс саласындағы басшылық мемлекеттік лауазымдарда қызмет атқарған.

Талғат Бигелдинов Ленин орденімен, екі Қызыл белгі орденімен, І және ІІ дәрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз, Александр Невский, ІІІ дәрежелі даңқ ордендерімен, бірқатар басқа да отандық және шетел ордендері және медалдарымен марапатталған.

15 тамыз

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШЕВ
туғанына 100 жыл (1927-2015)

Тұрсынбек Кәкішев 1927 жылы 15 тамызда Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Бөрлі аулында дүниеге келген. Әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1972), профессор (1973), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1979). Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін (1950), Қазақ КСР ҒА Тіл және әдебиет институтының аспирантурасын бітірген (1960). 1944-1945 жж. Ақмола облыстық Қазақ драма театрының актері, «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінде бөлім меңгеруші, 1950-1958 жж. Партия тарихы институтында кіші ғылыми қызметкер, 1960-1968 жж.

Қазақ КСР ҒА-ның М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер. 1968 жылдан ҚазМУ-де аға оқытушы, доцент, профессор, филологияның сырттай (1978-1985), күндізгі (1985-1986) факультеттерінің деканы, көп жыл осы университеттің филология факультетінде «Қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны» кафедрасының меңгерушісі, профессоры болған. Тұрсынбек Кәкішұлы 2015 жылы 7 қыркүйекте өмірден өтті.

Қазақ әдеби сынының даму жолдары, жиыrmасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің, оның көрнекті өкілдерінің шығармашылықтары хақында ғылыми ізденістер жасап, өнімді еңбек етіп келеді. «Қазақ әдебиетінің тарихы» (3-т., 1-2-кіт., 1967), «Қазақ совет әдебиетінің тарихы» (1970, Мәскеу, орыс тілінде), т.б. іргелі еңбектерді даярлап, жазысуға қатысты. С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізді.



Қазақ әдебиеті сынының тарихын зерттеп, «Сын сапары» (1971), «Оңаша отау» (1982), «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» монографияларын жазды. Соңғы еңбегі жоғары оқу орындарында оқулық ретінде қолданылып келеді. «Ұштасқан үш өзенмен» (1978), «Жол үстінде 80 күн» (1983), «Садақ» (1986), «Жасампаз өлке» (1989), «Сандалтқан «садақ» (2002) сияқты ғылыми-көпшілік кітаптары қазақ халқының әдеби-мәдени мұраларын іздестіру барысында өмірге келді. «Санадағы жаралар» (1992), «Ескірмейді естелік» (1994), «Кер заманның кереғар ойлары» (1995) жинақтары, «Мағжан-Сәкен» ғылыми эссесі (1999), «Сәбең әлемі» (2000), «Сайыс» (2001), «Мерей» (2002) кітаптары жарық көрген. Сәкен шығармаларының көп томдығының құрастырушысы (10 томы шықты).

Қазақстан Жазушылар одағының С.Сейфуллин атындағы сыйлығының иегері. Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының құрметті академигі, Халықаралық Айтматов академиясының академигі. «Парасат» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

18 тамыз

ШАРА ЖИЕНҚҰЛОВА
туғанына 115 жыл (1912-1991)

Шара Баймолдақызы Жиенқұлова 1912 жылы 18 тамызда Алматы қаласында дүниеге келген. Азан шақырып қойған есімі - Гүлшара.

Шара Баймолда Жиенқұловтың он төртінші перзенті болған. Орыс мектебінде білім алып, сонда жүріп би өнерімен танысқан. Ол алғаш рет сахнаға жайлауда 13 жасында шыққан. Жайлауда қазақтар мен қырғыздар үлкен той өткізіп, бәйге, көкпар берген, ақындар айтысып, әнші-музыканттар өнерін ортаға салған. Сол уақытта күй төгілген кезде қыздың биге деген әуестігін білгендер "Шара билесін" деп қолқа салған.

"Менің алғаш рет ортаға шығып билегенім тұманмен тең. Мен биімде бірде ат жарысын, бірде домбыра шерткен адамдарды немесе кілем өрнегін бейнелеп, қозғалдым.



Жан-жақтан мақтау сөз төгіліп жатты, бірақ мен қолыммен көзімді жауып, жазық далаға жүгіріп кеттім", - деп еске алған Шара Жиенқұлова сол күнді.

Көпшіліктің мақтауын естіген ата-анасы қызының бұл әуестігіне қарсы болмайды, уақыт өте келе басылады деп ойлайды. Алайда биге, өнерге деген сүйіспеншілік жыл сайын арта түскен. Алайда қыздың бұл қызығушылығына ата-анасы қарсы болған.

Осылайша Шара Жиенқұлова 1928 жылы актер, режиссер Құрманбек Жандарбековке тұрмысқа шықты. Өнер адамы Шараны үлкен өнерге алып келді.

"1928 жылы менің кәсіби бишілік жолымның басталған жылы десем орынды болар. Құрылғанына екі жыл болған Қазақ драма театры өнерінің тұңғыш қарлығаштары – Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов, Серәлі Қожамқұлов, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Құрманбек Жандарбеков, Жұмат Шанин, тағы басқалары спектакльдер қойып, озық өнерлеріне жұртшылықты тәнті етті. Қызылордадан астанаға көшіп келеді екен, театр осында қалады екен деген жақсы хабарлар да жүректі қуанытып, көңілді өсірді", - дейді Шара Жиенқұлова естелігінде.

Шара Жиенқұлова 1940-1962 жылдары Қазақ филармониясында жұмыс істеді.

1962-1966 жылдары ҚазКСР ән-би ансамблінің жетекшісі болды.

1966-1975 жылдары Алматы хореография училищесінің директоры болып жұмыс істеді. Алматы хореография училищесінде Шара Жиенқұлова "халық бөлімшесін" ашады, оның шәкірттері мен ізбасарлары пайда болды.

1966 жылы Болат Аюханов Шара Жиенқұловамен бірге "Қыз Жібек" балетін қойды. Шара Жиенқұлова осы еңбегі үшін Қазақстанның мемлекеттік сыйлығына ие болды, ал Болат Аюханов "Республиканың еңбек сіңірген әртісі" атағын алды. Осылайша Шара Жиенқұлова 1968 жылы Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Шара Жиенқұлова мұрасының көп бөлігі қазіргі заманғы балетмейстердің жұмысына негіз болды. Бұл оның орындаушылық



шеберлігі, оқыту әдістемесі, балетмейстерлік жетістіктері туралы жазылған еңбектер еді. Ол 1955 жылы "Қазақ билері" және 1980 жылы жазған "Би құпиясы" кітаптарын жазды.

Биші 1991 жылы 21 мамырда Алматыда 78 жасында өмірден өтті.

9 қыркүйек

ДҮКЕНБАЙ ДОСЖАН **туғанына 85 жыл (1942-2013)**

85 жыл бұрын (1942-2013) жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Дүкенбай ДОСЖАН дүниеге келген. Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Құланшы ауылында туған. 1964 жылы ҚазМУ-ды бітірген. 1966 - 1975 жылдары «Жазушы» баспасында аға редактор, 1976 - 1984 жылдары Қазақстан Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. Кейін Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші, «Жалын» журналында бөлім меңгерушісі болған. Тұңғыш өлеңдер жинағы 1964 жылы жарық көрді. Дүкенбай Досжан проза саласында өнімді еңбек етіп, 8 роман, 18 повесть, 100-ден астам әңгіме жазды. Досжанның көркем шығармалары мен зерттеу еңбектерінің тақырып аясы кең.

«Отырар», «Фараби», «Жібек жолы» хикаяттары мен романдарына тарихи оқиғалар арқау болса, «Зауал», «Кісі ақысы», «Дария», «Табалдырығыңа табын», «Жолбарыстың сүрлеуі» атты шығармалары бүгінгі заман тақырыбына арналған. Ұлы адамдар өмірін көркем тілмен сөйлеткен «Мұхтар жолы», «Абай айнасы», «Алыптың азабы» романдары өз алдына бөлек топтама құрайды. Оның «Екі дүние есігі» атты зерттеу еңбегі бар. Д.Досжанның шығармалары әлемнің 19 тілінде жеке кітап болып шыққан. Екі томдық таңдамалы шығармалары жарық көрді.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының, М.Әуезов атындағы Ұлттық сыйлықтың лауреаты. «Құрмет», «Парасат» ордендерімен марапатталған. Қаламгер 1974 жылы «Зауал» кітабы үшін «Молодая гвардия» баспасының «Қазіргі заманғы үздік роман» сыйлығын, 1988 жылы Украинаның «Днепро» баспасынан шыққан «Жібек жолы» романы үшін «Тарихи тақырыптағы үздік кітап» сыйлығын алған.



Жазушының есімі АҚШ-тың «Әдебиет және өнер адамдары» энциклопедиясының 2-ші томына, «Ұлттық энциклопедияның» 3-ші томына, «Абай энциклопедиясына», Қазақстан Президенті жанындағы даму институтының «Элита Қазақстана» (2008) анықтамалығына кірген.

17 қыркүйек

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ
туғанына 105 жыл 1922-1993)

Сырбай Мәуленов - ақын. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітірген (1973).

1943-1950 Қостанай облысы радиокомитетінде редактор, "Большевиктік жол" (қазіргі "Коммунизм таңы") газетінде бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, 1951-1955 жылы.

Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында редакция меңгерушісі, 1957- 1961 жылы Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші; "Қазақ әдебиеті" газетінде бас редактордың орынбасары, 1964 - 1971 жылы "Жұлдыз" журналының, 1955 - 1957, 1971- 1977 жылы "Қазақ әдебиеті" газетінің бас редакторы болды. Тұңғыш өлеңі Жамбыл облысы "Колхозшы" газетінде 1937 жылы жарияланды, "Өлеңдері" атты алғашқы жинағы 1948 жылы жарық көрді.

С. Мәуленов - қырыққа жуық жыр жинақтарының авторы. Өлеңдері қазақ поэзиясының лирика жанрын дамытуға елеулі үлес ретінде қосылды.

Шығармаларында туған жер, замандас және оның жасампаз еңбегі жарқын жырланады. "Жолдас" (1954), "Жас жүрек" (1956), "Жол үстіндегі жалындар" (1963), "Жұлдыз жырлар" (1963), "Қызыл арша" (1969), "Боз қырау" (1976), "Тау гүлдері", "Шалқар", "Жалын" (үшеу де 1979). "Жаңбырсыз күз" (1980), өлеңдері "Шуак", "Алтын тасқын" өлеңдер мен поэмалары (екеуі де 1981); "Жұлдыз жүрек" (1985) жинақтары шықты. Ақын кітаптары сыншылар тарапынан жоғары бағаланды. (1958) жылы "Таңдаулы өлеңдер" атты таңдамалысы, 1966 жылы "Шаңқай түс" жинағы, 1972 жылы "Таңдамалыларың" 2 томдығы басылып шықты. Оның "Жаңа көктем" (1956), "Дала таңы" (1957), "Көгілдір таулар" (1964), "Жер нәрі"



(1970), "Апрель жапырақтары" (1972), "Таңдамалы лирикалары" (1967), "Таңдамала лирикалары" (1972), "Жапырақтар жанады" (1972), өлеңдер жинақтары орыс тілінде Мәскеуде басылды. 1981 - 1984 ж. "Таңдамалы шығармалары", "Алтын тасқын" 1- т. 1981, "Өлеңдері" 2т.-1983; "Өлеңдері", 3т. 1984 жарияланады.

Мәуленов - белгілі журналист бола отырып мерзімді баспасөзге белсене қатысты, көптеген публицистикалық мақалалар мен очерктер жазды.

"Жар нәрі" атты әдеби портреттер мен очерктер жинағында 1966 республика еңбекшілерін халық шаруашылығын өркендетудегі еселі еңбегін туысқан республикаларға барған сапарларынан алған әсерлерін суреттейді. "Ал Үркер төбеде тұр" 1971 жыл кітабы естеліктер мен портреттерден этюдтерден құралған. Бұл жинақта Абай, Ыбырай; Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Қ. Аманжолов, Н.С. Тихонов, М. Тұрсын-заде тағы басқа өмір жолын қысқа әрі көркем бейнеленген. Шындағы шұғыла атты мақалалар мен очерктер жинағында 1972 Отанымыздың 50 жыл ішіндегі қол жеткен табыстары баяндалған. Мәуленов балаларға арнап "Барлаушы бал" (1961), "Құлыншақ", "Бала жолбарыс" (екеуі де 1963), Амангелді Имановтың балалық шағы туралы "Қорқақ торпақ" (1968) тағы басқа өлеңдер мен әңгімелер жазды. Мәуленов орыс және туысқан халықтар әдебиетінің классиктері А.С. Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Н.А. Некрасов, Т.Г. Шевченко, В.В. Маяковский, А.А. Блок, С.А. Есенин, Н.С. Тихонов, М.А. Шолохов, Ә. Науаи тағы басқа шығармаларың қазақ тіліне аударды. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығына лауреаты (1970). 1-дәрежелі Отан соғысы; "Қызыл Ту", "Халықтар Достығы", "Құрмет Белгісі" ордендерімен және медальдармен марапатталды.

24 қыркүйек

ИБРАГИМ НҮСІПБАЕВ
туғанына 105 жыл (1922-1987)

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының Калинин поселкесінде туған. Екі жылдық музыкалық техникумды бітірген, Алматы консерваториясында оқыған. Қазақ КСРО-ның еңбек сіңірген



мәдениет қайраткері, Қазақ КСРО халық ағарту ісінің озық қызметкері, балалар композиторы.

Республикамызда балалар әні, балалар хоры мен ансамбльдерінің негізін қалаушылардың бірі композитор И.Нүсіпбаев шығармашылығы жас ұрпақты Отанын, туған жерін сүйуге, еңбекке, білімге деген ынта-жігерге тәрбиелейді. Оның "Екеуміз - әйбат баламыз", "Мектеп вальсі", "Жол жыры" сияқты көптеген әндері бар.

27 қыркүйек

АХМЕТ ЕРЖАНОВ туғанына 105 жыл (1922-1997)

Ахмет Ержанұлы Ержанов (27 қыркүйек 1922 ж., Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті - 1997 ж., Алматы қаласы) - тарих ғылымының докторы (1974), профессор (1968).

ҚазМУ-ды (1953, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қызылорда қаласындағы педагогика училищесінде оқып, Жаңақорған ауданындағы мектептерде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі (1940-43, 1946-48) болды.

Қызыл Армия қатарында (1943-46) қызмет етті. Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтында (қазіргі Қазақ ұлттық аграрлық университеті) ассистент, аға оқытушы, доцент (1954-68), ал 1968 жылдан Қазақ политехникалық институтында (қазіргі Қазақ ұлттық техникалық университеті), Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтында кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды.

«Осуществление ленинской национальной политики КПСС в послевоенный период (на опыте деятельности Компартии Казахстана в 1946-1958 гг.)» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Ержанов 84 ғылыми еңбектің, оның ішінде 2 монографияның авторы. «Құрмет Белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған.



Әуезов Мұхтар Омарханұлы (1897, 28 қыркүйек - 1961, 27 маусым) - қазақ әдебиетінің классигі, қоғам қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақ КСР ҒАның академигі (1946), Қазақ КСРнің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1957).

28 қыркүйекте бұрынғы Семей уезі, Шыңғыс болысындағы Қасқабұлақ деген жерде туып, балалық шағы көшпенді ауылда өтті. Болашақ жазушы ұлы Абай өз шығармаларында сонша терең әрі жанжақты суреттеген сол кездегі қазақ қоғамының сипаты мол, қайшылыққа толы өмір тұрмысын көзімен көрді.

Семей қаласында медреседе, онан соң бес кластық орыс мектебінде, ал 1915–1919 жж. мұғалімдер семинариясында білім алған. 1917 жылы семинарияда оқып жүрген кезінде халық аңызы бойынша «Еңлік–Кебек» пьесасын жазады. Бұл қазақ ұлттық драмасының қарлығашы еді. Осы пьесасы мен 1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесі арқылы өзінің жазушылық ерекше дарынын айқын танытты.

Сол жылдарда Семейде, Орынборда әр түрлі қызмет істей жүріп, Алаш партиясының көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, басқа да белгілі әдебиет, мәдениет қайраткерлерімен жақындасады. «Абай» журналын шығаруға атсалысады. «Оян, қазақ» деп ұран тастаған қозғалыс, олардың демократиялық идеялары Әуезовтің өмірлік мақсат нысанасын белгілеуіне тірек болды. Алашорда қайраткерлері өкімет орындарынан, ресми саясаттан ығыстырыла бастаған соң, 1923 жылдан бастап көркем әдебиет саласына бар күшқуатын жұмсап, өнімді еңбек етуге кіріседі. 1923-1926 жж. «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Үйлену», «Ескілік көлеңкесінде», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу» әңгімесін жазады.

1923-1928 жж. Ленинград университетінде оқып, тіл мен әдебиет факультетін бітіреді. Одан кейін Ташкентте Ортаазия мемлекеттік университетінің аспирантурасында шығыс фольклоры бойынша маманданды.



Ленинградта (қазіргі СанктПетербург) оқыған соңғы жылында екі тамаша повесть жазған: «Қараш-Қараш» пен «Көксерек».

Саяси қызметтен бас тартып, бірыңғай зерттеуге ойысқан кезде, ол әдебиетшіге де сол саясаттың шырмауынан шығу қиын екенін ұға білді. Ондаған жылдар бойы оған ұлтшылдық, байшылдық идеяларды жақтаушы деген кінә тағылып келді. Қудалау көріп, 1930-1932 жж. қамауда болды, тұтқыннан құтылу мақсатымен ашық хат жазды.

Әуезовтің тарихи тақырыпқа баруының тамыры тереңде жатыр. Тұңғыш көркем туындысы «Еңлік-Кебек», онан кейін «Хан Кене» мен «Қилы заман», «Айман-Шолпан», «Қарақыпшақ Қобыланды» драмалары да осыны аңғартады. Бұлардың кейбіреуі ел арасында кең тараған, бұрыннан белгілі сюжетке құрылса, «Хан Кене», «Қилы заман» тарихта болған нақтылы оқиғаларды арқау еткен.

Әуезов 20жылдардың өзінде проза мен драматургияда келелі туындылар беріп, қазақ әдебиетінің классигіне айналды. Отызыншы жылдары бір топ әңгіме («Қасеннің құбылыстары», «Іздер», «Шатқалаң», «Құм мен Асқар», «Бүркітші»), пьесалар («Айман–Шолпан», «Тас түлек», «Шекарада», «Түнгі сарын») жазады.

30 жылдарда Абай мұрасына әр қилы баға беріліп, онан кейін де қымқиғаш пікірлер айтылып жүргенде, Абайды тереңдеп, кеңінен тануды өзіне өмірлік мақсат ету ол кезде біліктілік, даналық қана емес, үлкен ерлік те болғаны хақ. Кесек, кең тынысты, сан миллион оқырмандардың жүрегіне жол табатын көркем шығарма арқылы Абайды әлемге әйгілеу үшін Әуезов қандай қажет болса, Әуезовтің дүние жүзі мәдениетінің биігіне көтерілуіне Абай мұрасы, Абайдың өнерпаздық, ойшылдық дәстүріндей үлкен тірек сондай қажет еді.

1936 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде «Татьянаның қырдағы әні» дейтін прозалық үзінді жарияланды. Бұл – болашақ романның бір тарауы еді. Осыдан соң, 1940 жылы, Л.Соболевпен бірлесіп «Абай» трагедиясын жазды.

Мұхтар Омарханұлы 15 жыл бой «Абай жолы» атты өзінің 4 томдық даңқты тарихи роман эпопеясын жазды. Мұның «Абай» аталған бірінші кітабы 1942 жылы, екіншісі 1947 жылы жарық көрді. Орыс тіліне аударылған.



«Абай» романының екі кітабы 1949 жылы 1дәрежелі КСРО Мемлекеттік сыйлығын алды. Төрт кітаппен біткен эпопея 1959 жылы Лениндік сыйлыққа ие болды. «Абай жолы» 30 тілге аударылып, дүйім дүние оқырманынан өте жоғары баға алды.

28 қыркүйек

ШЕРХАН МҰРТАЗА **туғанына 95 жыл (1932-2018)**

Шерхан Мұртаза - 1932 жылы 28 қыркүйекте Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ мекенінде туған.

1955 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген.

«Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің тілшісі, әдеби қызметкері болды. 1963-1970 жж. «Лениншіл жас» газетінің редакторы.

Содан кейінгі уақытта «Жазушы» баспасының, «Жалын» альманахының, «Жұлдыз» журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы әрі Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы.

1989-1992 жж. «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы, 1992-1994 жж. Қазақстан Республикасы мемлекеттік телерадио компаниясының төрағасы болып істеді. ҚР Парламентінің Мәжіліс депутаты болған.

Жазушының әр жылдары «Табылған теңіз» (1963), «Белгісіз солдаттың баласы» (1969), «Ахметжанның анты» (1973), «Мылтықсыз майдан» (1977) повестері, «41-жылғы келіншек» (1972), «Интернат наны» (1974) әңгімелері, «Қара маржан» (1977), бес кітаптан тұратын «Қызыл жебе», «Ай мен Айша» (1999) романдары, шығармаларының төрт томдығы (1990–2000), шығармаларының 6 томдығы, таңдамалы шығармаларының 7 томдығы, «Елім, саған айтам, ел басы, сен де тыңда» (К.Смаиловпен бірге) (1998), «Бір кем дүние» (2008) кітаптары жарық көрген.



Оның шығармалары КСРО халықтары мен шетел тілдеріне аударылған.

Қазақ тіліне Г.Х.Андерсеннің әңгімелерін, венгр халық ертегілерін, Ш.Айтматовтың «Ботагөз», «Қош бол, Гүлсары», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», «Боранды бекет» туындыларын; Мұстай Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы» повесін, Э.Эрскиннің

«Марыкчан балалары» романын, Л.Лагиннің «Хоттабыч қарт» повесін тәржімалады. «Әзиза» пьесасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің грантын жеңіп алды.

«Қара маржан» романы үшін 1978 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын алды. Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қазақстанның Халық жазушысы. «Құрмет белгісі»,

«Отан (1999) ордендерімен, медальдармен марапатталған. ПЕН-клуб сыйлығының иегері (2003).

1 қазан

ЛЕВ ГУМИЛЕВ
туғанына 115 жыл (1912-1992)

Лев Гумилев 1912 жылы 1 қазанда Санкт-Петербургте, әйгілі ақындар отбасында дүниеге келген.

Өмірінің алғашқы күндерінен бастап екі ақынның ұлы Николай Гумилевтің анасы әжесінің қамқорлығында болды. Лев Николаевич Гумилев - кеңестік және ресейлік тарихшы, этнолог, археолог, жазушы және аудармашы, "Этногенездің пассионарлық теориясын" жасаушы ақындар Николай Гумилев пен Анна Ахматованың ұлы.

Тұтқындаулармен (1930 жылдары) және қиын өмір сүру жағдайларымен ерекшеленетін оның өмірі Еуразия халықтарының тарихы, сондай-ақ аударма қызметі саласындағы ғылыми зерттеулерге арналды, дегенмен оның теориялары квази-ғылыми деп жиі сынға ұшырады.

1932 жылы Лев Тәжікстанға 11 айлық экспедицияға аттанды.

Экспедиция бастығымен қақтығыстан кейін (Гумилев тәртіпті бұзды деп айыпталды-жұмыс уақытынан кейін ол қосмекенділерді зерттей бастады) совхозға орналасты: 1930 жылдардың стандарттары бойынша олар мұнда жақсы төлеп, тамақтандырды.



1935 жылы билікті жек көретін екі классиктің ұлы тарих факультетін таңдап, Солтүстік Астана университетіне оқуға түсті.

Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы майталмандарға толы болды: ЛМУ-да египтолог Василий Струве, ежелгі дәуірдің білгірі Сүлеймен Лури, қытайтанушы Николай Кюнер жұмыс істеді, оны студент көп ұзамай тәлімгер және мұғалім деп атады.

Үйленген, балалары жоқ. Лев Гумилев 1992 жылы 15 маусымда дүниеден өтті.

1 қазан

ІЛИЯС ОМАРОВ
туғанына 115 жыл (1912-1970)

Ілияс Омаров (1912-1970) - мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы, жазушы, публицист. Орта Азия жоспарлау экономикалық және сауда-тауар ісі институтын бітірген (1933, Ташкент).

1933 - 1936 жылдары Республиканың сауда мекемелерінде жауапты қызметтер атқарған. 1941 - 1945 жылы Қазақ КСР Сауда халық комиссарының орынбасары, комиссары болды. “Қазақ халқының майдандағы қазақ жауынгерлеріне жазған хатын” ұйымдастыруда, 1944 жылы желтоқсанда Алматы қаласында өткен республикалық ақындар айтысын өткізуде, “Қазақ КСР-інің ерте заманнан осы күнге дейінгі тарихының” жарық көруіне ұйытқы болды. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты мен Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияны ұйымдастырды.

1945 - 1947 жылы Қазақ КСР-і ХКК төрағасының орынбасары, Шығыс Қазақстан облысы партия комитетінің 1-хатшысы қызметін атқарды.

1947 - 1952 жылы Қазақстан КП ОК-нің идеология жөніндегі хатшысы. Ол 1949 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігін ұйымдастырды. Омаров халық өнері мен музыкасын, ауыз әдебиетін насихаттауға зор үлес қосты, Шоқан, Ыбырай, Абай еңбектерін өнеге ретінде ұсынды.

1949 жылы жарық көрген “Қазақ КСР тарихының” толықтырылған 2-басылымының жауапты редакторы болды.



Е.Бекмахановтың қазақ халқының шын мәніндегі тарихын ашықжазуына, Кенесары, Наурызбай батырлар жайында ақиқаттың айтылуына, І.Жұмалиевтің Исатай мен Махамбет жөніндегі материалдарды бастыруына ұйытқы болды. Осы жағдайлар оның 1951 - 1952 жылы “ұлтшылдарды қолдаушы” деген науқаншыл айыппен Қазақстан КП ОК-нің құрамынан шығарылып, қудалануына алып келді.

1952 - 1955 жылы КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысы болды.

1955 - 1959 жылы Солтүстік Қазақстан облысы партия комитетінің хатшысы қызметін атқарды. 1959 - 1961 жылы “Қазақфильм” киностудиясының директоры, Қазақ КСР-і Министрлігі Кеңесінің кеңесшісі қызметтерін атқарып, жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ кино өнерінің дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

1961 - 1967 жылы Қазақ КСР-і Министрлігі Кеңесі жанындағы Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары, 1-орынбасары, 1967 - 1970 жылы Қазақ КСР-і Мәдениет министрі болды. Омаров осы кезеңде қазақтың эстрадалық өнерін, ұлттық циркті, театр жұмысын жетілдіруге, кәсіби өнердің басқа да салаларын тыңнан дамытуға барынша күш салды.

5 қазан

ЕСЕНҒАЛИ РАУШАНОВ
туғанына 70 жыл (1957-2021)

Есенғали Раушанов 1957 жылы 5 қазанда Қарақалпақ АКСР-інде туған.

1973 жылы Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Келінтөбе совхозындағы №192 орта мектепті бітірген соң, 1975-1977 жж. Кеңес әскери күштері қатарында Солтүстік Кавказ әскери округінде қызмет атқарды. ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. Өлеңдері 1973 жылдан бері жарияланып келеді. 1983 жылы «Бердәулет пен Жоламан» атты поэмасы Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Жазушылар одағы, Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті мен



«Жалын» баспасының озық шығармаларға жариялаған бәйгесінде бірінші орын алды.

1983-1987 жж. «Жалын» және «Арай» журналдарында поэзия бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, 1988-1995 жж. «Білім және еңбек» («Зерде») журналының бас редакторы қызметін атқарды. Қазір «Жазушы» баспасының директоры.

Өзбек классигі Хамза Ниязидің өлеңдерін өзбек тілінен тікелей аударып, жеке кітап етіп шығарды. Ортағасырлық тарихи танымдық жәдігер «Темір жарғылары» да тұңғыш рет қазақ тілінде Е.Раушанов тәржімасымен сөйледі.

Өлеңдері орыс, литва, болгар, чех, украин, өзбек, қырғыз тілдеріне аударылған. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. Мәскеуде өткен жас ақын-жазушылар фестивалінің, сондай-ақ Қазақ КСР-і шығармашылық жастарының «Жігер» фестивалінің тұңғыш лауреаты. Қазақ КСР-і сыйлықтарымен және тәуелсіз Қазақстанның он жылдығы медалімен марапатталған. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (2006). «Құрмет» орденінің иегері. Қазақстанға еңбегі сіңген баспа қайраткері. Ш.Есенов атындағы Ақтау техникалық университетінің құрметті профессоры.

2021 жылы 16 сәуірде өмірден өтті.

Шығармалары: Бастау. Өлеңдер. А., «Жалын», 1980; Келінтөбе. Өлеңдер. А., «Жалын», 1984; Шолпан жұлдыз туғанша. Өлеңдер. А., 1986; Ғайша бибі. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1992; Қара бауыр қасқалдақ. Өлеңдер. А., «Жалын», 1995; Періштелер мен құстар. А., «Жазушы», 2005; Бозаңға біткен бозжусан. А., «Раритет», 2006; Құстар біздің досымыз. А., «Жазушы», 2007.

7 қараша

АҚЫРАП ЖҰБАНОВ
туғанына 100 жыл (1927-2007)

Жұбанов Ақырап Құдайбергенұлы 07.11.1927 жылы Ақтөбе қаласында туған. 2007 жылы 18 ақпанда дүниеден өтті.

1949 жылы Н.В.Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін бітірген. 1958 жылы В.И.Мухина атындағы ВХПУ-ді Ленинград қаласында оқып бітірген.



1959 жылдан Қазақстан суретшілер одағының және КСРО суретшілер одағының мүшесі, «Мәдениетке еңбегі сіңген қайраткер», «Қазақстан Республикасы Суретшілер академиясының академигі».

Ақырап Құдайбергенұлы еңбек жолын Алматы қаласындағы №12 қазақ орта мектебінде сызу пәнінен сабақ беруден бастайды (1947-1948). Одан соң Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласындағы педагогикалық училищеде көркемөнер пәнінің оқытушысы (1949-1952).

ҚазКСР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының өнертану секторында кіші ғылыми қызметкер (1958-1959), Қазақстан Суретшілер Одағында референт (1959-1960), Қазақстан КСР Жергілікті өнеркәсібі министрлігінде бас суретші (1960-1962), ҚазКСР Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер (1962-1963), Алматы көркемөнер училищесінің директоры (1963-1982), Алматы қаласының бас суретшісі (1982-1984), Алматы көркемсурет училищесінің директоры (1984-1992). Ақырап Жұбановтың тікелей ұйымдастыруымен Ақтөбе, Шымкент қалаларында көркем училищелері ашылады.

Қазақстанда училище ғана емес, көркемөнер институтының ашылуын армандай жүріп, өз ұсыныс-тілектерін жоғары оқу орны министрлігіне, басқа да тиісті орындарға жеткізу нәтижесінде тұңғыш рет театр көркемөнер институты өмірге келеді. Ол ұлғая келіп, қазір Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық академиялық өнер академиясы аталып отыр.

Ақырап Құдайбергенұлының негізгі еңбектері: «И.Е.Репин - орыстың ұлы суретшісі» (1955), «Телжанов шығармашылығы туралы» (1960), «К.Тыныбеков туралы естелік» (1983), «Алматы геология мұражайы қойылымдары мен безендіру жұмыстарының жобасы» (1968), «Жайлау туралы ән», «С.С.Мәмбеев шығармашылығы туралы» (1960).



13 қараша

АСҚАР ЖҰБАНОВ
туғанына 90 жыл (1937-2020)

Асқар Жұбанов - 1938 жылы жазықсыз атылған қазақ лингвистика ғылымының тұңғыш профессоры Құдайберген Жұбановтың ұлы.

Асқар Жұбанов 1937 жылы 13 қарашада Алматыда туған. Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан облыстарында орта білім алды. 1960 жылы Абай атындағы қазақ педагогика институтын тәмамдады.

Асқар Жұбанов - тіл білімінің математикалық лингвистика аталатын саласының өкілі.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының тілі бойынша «Қазақ мәтінін ЭЕМ-нің көмегімен статистикалық зерттеу атты кандидаттық диссертация қорғады. Докторлық диссертациясының тақырыбы - «Қазақ мәтіні мазмұнын формалдаудың негізгі принциптері». Өз саласына қатысты жүздеген ғылыми еңбек жазды. «Компьютерлік лингвистикаға кіріспе», «Қолданбалы лингвистика: формалды модельдер», «Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы», «Қолданбалы тіл білімінің мәселелері. Вопросы прикладного языкознания», «Қазақ сөзінің «Тіл - қазына» деректер базасы және оның теориялық негіздері. База данных «Тіл - қазына» казахского слова и ее теоретические основы» аталатын ғылыми монографиялардың авторы.

26 қараша

ҒАБИДЕН МҰСТАФИН
туғанына 125 жыл (1902-1985)

Ғабиден Мұстафин (1902-1985) 29 қарашада қазіргі Қарағанды облысы, Тельман ауданында дүниеге келген. 14 жасында Спасск зауытының табельшісінен бір жыл орысша оқып, сондағы бес жылдық орыс-қазақ мектебінің 4-сыныбына түседі. Бұдан әрі оқуға мүмкіндігі болмай, туған ауылына қайтып оралады. Ауылда әр түрлі қызметте болып, 1925 жылы білімін көтеру мақсатымен Қызылордаға келеді. Мұнда оқуға түсе алмай, өлкелік сотқа іс қағаздарын тіркеуші қызметіне орналасады. Жазушылық өнерге құмарлығы осы кезден басталады.



Алғашқы әңгімесі «Сәрсен мен Боқаш» (1927) «Жыл құсы» журналында жарияланады. Тұңғыш әңгімелер жинағы «Ер Шойын» (1929) деген атпен басылып шықты. 1930 жылы көктемде Қарағандыға ауысып, үш жыл қара жұмыс істейді: слесарь, токарь мамандығын меңгереді.

1938 жылы «Қарағанды пролетариаты» газетінің жауапты хатшысы қызметіне тағайындалады. Көп кешікпей, Новосибирск қаласында қазақ тілінде «Қызыл ту» атты газеттің шығуына байланысты, сонда жіберіледі. Газет жабылғаннан кейін (1938) Алматыға келеді. 7-8 жыл көркем әдебиеттен қол үзіп кеткенімен, журналистік жұмыста қаламы төселіп, өмір тәжірибесі молайып қалған оның Қарағанды шахтерлерінің өмірінен жазған тұңғыш романы «Өмір не өлім» 1940 жылы жеке кітап болып басылды. Бұрын өндіріс тақырыбына «Алыптың кереметтері» (1936) очеркі мен «Керуен» (1938) атты әңгімесі жарияланған автордың аталған романы қазақ әдебиетінде бұл саладағы алғашқы күрделі туындылардың бірі болды. Он шақты жылдан кейін осы тақырыпқа қайта оралып, «Қарағанды» (1952) романын жазды. Алғашқыда «Әдебиет майданы» (қазіргі «Жұлдыз») журналының қатардағы қызметкері (1938-1940), кейіннен редакторы (1940-1948) бола жүріп, жемісті шығармашылық еңбек етті. Колхоз-совхоз сахналарына арналған бірнеше шағын пьесалар («Айғақ», 1942), көптеген әңгімелер жазды. «Шығанақ», «Дауылдан кейін» романдары мен «Миллионер» повесі ауыл өміріндегі елеулі өзгерістерді суреттеуге арналды. Соңғы күрделі шығармасы - «Көз көрген».

1953-1956 және 1962-1964 жж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы болып қызмет атқарды. Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (1958), Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Алтыншы сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. Ленин орденімен (2 рет), II дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту (2 рет), Халықтар Достығы ордендерімен, медальдармен марапатталған. Шығармалары: Таңдамалы шығ., 1-2-т., А., 1954-1955; Шығармаларының бес томдығы. 1-5-т., «Жазушы», 1980-1983.



Рахманқұл Бердібай 1927 жылы 2 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, Көкіш ауылында дүниеге келген. Түркістан педучилищесін, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін, Қызылорда пединститутының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін (1949) бітірген. Ащысай кентіндегі орта мектепте мұғалім, 1949-1953 жж. Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі қазақ орта мектептерінде директор, аудандық оқу бөлімінің инспекторы, 1953–1954 жж. ҚазМУдің аспиранты, 1955-1959 жж. Республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінде әдеби қызметкер, сын бөлімінің меңгерушісі болған.

1960-1972 жж. әдебиет тарихы және теориясы мәселелері бойынша «Әдебиет пен өмір», «Роман және заман», «Қазақ әдебиетіндегі замандас бейнесі», «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы», «Дәстүр тағылымы» тәрізді кітаптары, «Қазақ романы», «От легенды к роману», «Қазақ тарихи романы», «Тарихи роман», «Мұхтар шыңы» монографиялары жарық көрді.

1961 жылы кандидаттық («Қазіргі қазақ романындағы сюжет проблемасы»), 1971 жылы докторлық («Қазақ романдарының теориялық мәселелері») диссертация қорғайды.

1968-1970 жж. ашылған Қазақ Совет энциклопедиясы Бас редакциясының жауапты хатшысы, 1973-1995 жж. Қазақ КСР ҒА М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында фольклор бөлімінің меңгерушісі, ҚазМУ мен ҚазПИде ауыз әдебиетінен дәріс оқиды. «Қазақ фольклористикасының тарихы» деген еңбегі үшін Р.Бердібайға және бірнеше фольклоршыға Ш.Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлық берілді. Бұл жылдарда ғалымның қаламынан «Қазақ эпосы», «Сарқылмас қазына», «Кәусәр бұлақ», «Эпос - ел қазынасы», «Жыршылық дәстүр», «Айтыс әлемі» секілді еңбектер туды.

Түбі бірге туысқан халықтар әдебиетімен өзара байланысы оның «Гүлстанның бұлбұлдары», «Достық кемесінде», «Сарқылмас қазына» деген кітаптарынан бастау алып, соңғы жылдарда шыққан



«Байқалдан Балканға дейін», «Жұлдыздар жарығы», «Ел боламыз десек» атты жинақтарда жалғасын тапты.

Оның сыншылық, әдебиетшілік, фольклоршылық, түріктанушылық саласындағы ізденістері 42 кітап, мыңнан артық мақала түрінде жарыққа шықты.

Ғалымның бұлардан тыс атқарған игілікті ісі - М.Әуезов мұражай үйінде 35 жыл бойында Алматы қалалық қазақ әдебиеті мен өнері халық университетін басқарып, қазақ халқының соңғы 1500-2000 жыл бойындағы тарихы мен мәдениеті тақырыбына 500 дәріс өткізуі. Бұл еңбегі үшін сол кездегі Бүкілодақтық «Білім» қоғамының ең үлкен сыйлығы – Вавилов медалімен марапатталған.

ҚР ҰҒАның академигі, Түрік тіл құрылымының (Түркия), Халықаралық Ш.Айтматов қоғамдық академиясының, Халықтық (экологиялық) академияның мүшесі, Ш.Уәлиханов атындағы, «Түрік дүниесіне қызмет» сыйлықтарының иегері. «Парасат» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. «Қазақ КСР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері» (1983), «Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» (1992) атағын алды. 1995 жылдан бері Қожа Ахмет Йасауи атындағы Халықаралық қазақтүрік университетінің профессоры.

2 желтоқсан

ҒАЗИЗА ЖҰБАНОВА
туғанына 100 жыл (1927-1993)

Жұбанова Ғазиза (1927-1993) - композитор, Қазақстанның және ССРО-ның халық артисі, ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор. Қазақтың қазіргі замандық музыкасының негізін қалаушы А.Жұбановтың қызы. Гнесиндер атындағы Мәскеу музыкалық училищесін, П.И.Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясын, профессор Ю. А.Шапориннің композиция класын бітірген.

Жұбанова - өзін ұлағатты ұстаз ретінде танытқан тұлға. Оның шәкірттері - Е.Серкебаев, С.Кабирова, Т.Мұхамеджанов және т. б.

Консерватория ректоры ретінде ол ұлттық кадрлар - музыкант-орындаушылар мен музыкатанушылардың қалыптасуына ықпал етті.



Олардың бірнешеуі әлемдік атаққа ие болды. Мысалы, А.Мұсаходжаева, Г. Мырзабекова, Г.Қадырбекова, Ж. Әубәкірова, Т.Әбдірашев және тағы басқалар. Жұбанованың ықпалымен музыкалық мектептер құруы, фольклор және композиторлық шығармашылық мәселелері бойынша диссертациялар қорғала бастады. Жұбанова - өзінің талантын барлық жанрда танытқан шығармашылық диапазоны кең композитор. Оның музыкасы республикадан тыс жерлерде де жақсы танымал. Ол - үнемі ізденіс үстіндегі суреткер болды. Ғ.Жұбанованың музыкасы арқылы қазақ музыка мәдениеті басқа халықтарға белгілі болды. Ол - Батырлық поэмасы симфониялық поэмасын, - Жігер симфониясын, - Еңлік-Кебек, - Жиырма сегіз операсын, - Ақ құс туралы аңыз балетін, кантаталар, романстар, эстрадалық музыка, театр мен киноға арналған музыкалар жазды. Олардың барлығын музыкалық ойлау жүйесінің біртұтастығы, нақтылықтан жалпыға біртіндеп көшу, вокальды орындаудан аспапты орындауға ауысу, сезімнің көрнектілігі, тақырыптық материалдың ашықтығы, ұлттық бояу, ауқымдылық, эпикалық кеңдік және музыкалық образдардың қарама - қайшылықты мінездері біріктіреді..

8 желтоқсан

***ҚАЖЫҒАЛИ МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ
туғанына 85 жыл (1942-2020)***

1942 жылы 8 желтоқсанда Байғанин ауданы, Қызылбұлақ ауылында дүниеге келген. Жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. 1965 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетін үздік бітірді. Ақтөбе облыстық телевизия және радио комитетінде редактор, облыстық «Коммунизм жолы» газетінде әдеби қызметкер болды. Алматыдағы «Қазақстан» баспасында аға редактор, «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі, «Қазақ әдебиеті» газетінде жауапты хатшы, «Жаңа фильм» журналында бас редактор қызметтерін атқарды.

Қажығали Мұхамбетқалиұлы қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар танымал жазушы. Оның прозалық шығармаларында негізінен жетпісінші, сексенінші жылдардағы ел тіршілігі суреттеліп, қоғамдық



ахуал көріністеріндегі қарапайым тұрмыстық эпизоттардың өзінен үлкен әлеуметтік гәптер ұтымды жеткізіледі.

Қырқыншы, елуінші жылдардың қытымыр кезінен құтыла бастаған, еркіндік дәмін ептеп татып келе жатқан қауым өкілдерінің басында психологиялық жаңа кеселдердің пайда бола бастауы, адамдардың арақатынасындағы бір кездегі аңғал достықтың бақастық пен арамдық амал-айла шырмауына көмілуі әсіресе, «Мінез», «Ескі достар» атты прозалық шығармаларында айқын сезіледі.

Балалық, жастық дәурендегі адал, қимастық сезімдер жылдар өте көңіл ауларлық көлгірсуге айналғанын шығарманы оқып отырып түйсінген жан, енді осы құлдыраудың себебін іздеуге, қоғам құбылыстарын ойша шолуға мәжбүр болады. Қазақ қоғамының өскелең кезендеріндегі ахуалы «Дала әуендеріндегі», «Қарымта», «Қаңтардың қара суық түні», «Бір машина шөп» әңгімелерінде қалтқысыз бейнеленеді. Оймақтай ғана оқиғаға ойдай мағына сыйғыза алатын прозашы, адам құлқынындағы құбылмалылықтан басталатын дәуірлік трагедиялар мен әлеуметтік драмалар өзегін дөп басады. Сезім иірімдеріне зер сала отырып, замана қабілетін зерделейді. Әдебиеттің төл табиғаты мен басты міндеті адамның өзін өзі ұғып, өзіне өзінің жаны аши білуіне баулу екендігін терең түсініп, қатаң қадағалайтын суреткер өзгермелі уақыт пен тез есейіп келе жатқан ұрпақтың қатаң талабына шымбайға батар шындығымен, еріксіз ден қойғызар шынайлығымен жауап бере алатын шымыр шығармалар тудырады.

Қ.Мұханбетқалиұлы қазақтың XVIII ғасырдағы отаршылдық езгіге қарсы күресінің басшысы, әрі би, әрі батыр Сырым Датұлы туралы ұзақ жылдар бойы зерттеу жүргізіп, тұлға туралы республикалық «Арыс» баспасынан «Сырым Датұлы» (2004) атты жинағы, әдебиет пен өнер туралы, қоғам туралы сан түрлі пікірлер мен мақалалардан тұратын «Тоғысар арнамыз бір толғанғанда...» (2010) атты кітаптары жарыққа шықты. Тәуелсіздік жылдарында жазылған сүбелі еңбегі батыр, би, қайраткер Сырым Датұлы туралы баяндалған «Тар кезең» тарихи романы 2012 жылы оқырмандарына жол тартты.



Мұхамбетқалиұлы Қ. бірқатар қаламгерлердің шығармаларын (Р.Акутагава, С.Чубек, Л.Хонвано, Я.Брыль, Л.Колодезный, Дж.Одинаев, Х.Абдуллин, Т.Жұмагельдинов т.б.) қазақ тіліне аударды. Жазушыға 2002 жылы Байғанин ауданның құрметті азаматы атағы берілді. 2003 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болды.

12 желтоқсан

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК
туғанына 85 жыл(1942-2009)

Ақселеу Сейдімбек (1942–2009) 12 желтоқсанда Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданындағы Байдала би ауылында туған.

1959 жылы орта мектепті бітірген соң, комсомолдық жолдамамен Қызылтау кеңшарында мал шаруашылығында еңбек етті.

1968 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген.

1968-1975 жж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде әдеби қызметкер, меншікті тілші, 1975-1976 жж. «Орталық Қазақстан» газетінің жауапты хатшысы, 1976-1983 жж. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бөлім меңгерушісі, 1983-1987 жж. «Зерде» журналының бас редакторы.

1987-1997 жж. Қазақ КСР ҒА-ның М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында лаборант, аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды.

1997-1998 жж. Ы.Алтынсарин атындағы Білім проблемалары институтының директоры, 1998-1999 жж. ҚР Президенттік Мәдени орталығы директорының ғылым жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды. 2000 жылдан бастап Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. Филология ғылымының докторы, профессор.

Отызға тарта көркем, ғылыми-көпшілік және монографиялық кітаптардың авторы. Гомердің «Илиада», «Одиссея» дастандарын қара сөзбен аударған. И.Можейконың «7 және 37 керемет» (1998) кітабын тәржімалаған. Шығармалары оннан астам шетел тілдеріне аударылған.



Қазақстан Жазушылар одағы және Қазақстан Журналистер одағы сыйлықтарының лауреаты. «Құрмет» орденінің иегері. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (2004). Қазақстан Республикасы Ұлттық Кеңесінің, Қазақстан Республикасының Терминология және ономастика комиссиясының, Қазақтың Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы орталық кеңесі президиумының, Ғылыми қызметкерлерді аттестациялау департаментінде зерттеу комиссиясының, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қоғамдық кеңесінің, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі. «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты он томдықтың авторларының бірі.

Қарағанды облысындағы Жаңаарқа, Шет аудандарының Құрметті азаматы. «Акселеу Сейдімбек» атты библиографиялық көрсеткіш жарық көрген (Астана, «Күлтегін» баспасы, 2002).

Шығармалары: Ақиық. (1972); Қыр хикаялары. (1977); Тауға біткен жалбыз (1979); Кеніш (1979); Алпамыс батыр (1979,1998); Серпер (1982); Аққыз (1991); Күңгір-күңгір күмбездер (1981); Поющие купола (1985); Қазақтың әйгілі күйшілері (1992); Балталы-бағаналы ел аман бол (1993); Ойтолғақ (1997); Мың бір маржан (1989); Сонар (1989); Күй шежіре. Бірінші кітап (1992); Күй шежіре. Екінші кітап (1997); Көшпелілер тарихы (1995); Қазақ әлемі (1997); Мир казахов (2001); Елтұтқа (2001); Қазақтың күй өнері (2002); Қазақтың ауызша тарихы. (2008).

12 желтоқсан

БЕКЕЖАН СҮЛЕЙМЕНОВ
туғанына 115 жыл (1912-1984)

Сүлейменов Бекежан Сүлейменұлы (1912-1984) - ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты. Ақтөбе облысы Шалқар ауданында дүниеге келген. Карл Либкнехт атындағы Мәскеу мемлекеттік педагогикалық институтының тарих факультетін бітірген.



1938-1942 жылдары - Қазақ педагогикалық институты (Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті) КСРО тарихы кафедрасының аға оқытушысы. 1942-1943 жылдары - Қазақ мемлекеттік шет тілдер мұғалімдер институтының (Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті) ректоры.

1943-1946 жылдары - КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесінің Тіл, әдебиет және тарих институты директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары. 1946-1952 жылдары Шоқан Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнология институтының аға ғылыми қызметкері, сектор меңгерушісі, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған.

Патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізген отаршылдық саясатын зерттеумен шұғылданған.

1-орыс революциясы тұсындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері жайында еңбектер жазған.

Ермұхан Бекмахановтың негізсіз айыпталуына қарсылық танытып, оның Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы туралы ғылыми тұжырымын қолдаған. 1952 жылы Бекежан Сүлейменовтің өзі кеңестік тоталиатарлық жүйе тарапынан қысымшылыққа ұшырайды.

Оның еңбектеріне «реакциялық пиғылдағы бай феодалдарды, хандар мен сұлтандарды дәріптеді, ұлтшылдық идеяларды насихаттады» деген айыптар тағылып, сот шешімімен 25 жылға сотталған. Жазасын Иркутск облысындағы еңбекпен түзету лагерінде өтеп жүрген кезінде 1954 жылы ақталып шыққан. Осы жылы Шоқан Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнология институтына ғылыми қызметкер болып жұмысқа орналасқан.

1957-1984 жылдары Шоқан Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнология институтының революцияға дейінгі Қазақстан тарихы бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі аграрлық мәселелер, 1916 жылғы көтеріліс және Қазақстандағы қоғамдық ой-пікір мен ағартушылық тарихы туралы «Амангелді Иманов - Қазақстан азаматтық соғысының батыры», «Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс», «Қазақстандағы 1905-1907 жылдардағы революция»,



«Қарағанды көмір бассейінің тарихы», «Қазақ атырлары», «Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX и начале XX в.» Москва), «Реформы 1867-1868 гг. в Казахстане», «Казахстан в составе России в XVIII - начало XX века» атты ғылыми еңбектері мен деректі жинақтарын жариялаған.

Ғалымның тікелей басшылығымен 20-дан астам кандидаттық диссертация қорғалған. Бекежан Сүлейменов Ыбырай Алтынсариннің шығармаларына зерттеулер жүргізіп, 3-томдық жинағын құрастыруға жетекшілік еткен. 5-томдық «Қазақ КСР тарихы - Ежелгі дәуірден бүгін күнге дейін» жинағын даярлауға қатысқан.

1980 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығы берілген. Бекежан Сүлейменов 1984 жылы 30 маусымда Алматыда қайтыс болған.

12 желтоқсан

ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ
туғанына 100 жыл (1927-2006)

Зейнолла Қабдолов (1927-2006) - 1927 жылы 12 желтоқсанда Атырау облысында туған. Орта мектептен кейін екі жыл (1943-1945) өндірісте жұмыс істейді. 1945 жылы қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, 1950 жылы үздік дипломмен бітіреді де, осы білім ордасында бүгінге дейін елу жылдан астам үздіксіз білім және ғылым жұмыстарын қатар жүргізіп келеді.

Қазақстанның Халық жазушысы, ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымының докторы, профессор. Ширек ғасыр бойы ҚазМҰУ-дың әдебиет кафедрасын басқарған, бірнеше жыл "Жұлдыз" журналы мен "Қазақ әдебиеті" газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы міндеттерін негізгі мамандығымен қоса атқарған, "Ұшқын" (басында "Өмір ұшқыны") және "Жалын" (Бүкілодақтық жұлдеге ие болды, 1972) романдарының, "Адам" (1964), "Сыр" (1975) атты жинақтарына енген әңгіме-очерктері мен Қазақтың М.Әуезов атындағы академиялық және бірнеше облыстық театрлардың сахналарында қойылған "Сөнбейтін от" драмасының авторы. "Менің Әуезовім" романы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы (1998) берілді.



Қазақ және Қырғыз Республикалары ғылымдарының еңбек сіңірген қайраткері. ҚазМУУ жанындағы филология ғылымының докторы дәрежесін беру жөніндегі тұрақты диссертациялық кеңестің төрағасы. А.Пушкин мен Н.Гогольдің жекелеген шығармалары, Л.Кассиль, В.Добровольский, В.Закруткиннің романдарын, А.Островскийдің "Ұшынған ақша", М.Горькийдің "Күн перзенттері", Н.Хикмеггің "Елеусіз қалған есіл ер" пьесаларын аударған. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамоталарымен, "Құрмет Белгісі", Халықтар Достығы, "Парасат" ордендерімен және медальдармен марапатталды. ВЦСПС пен КСРО Жазушылар одағы, Қазақ ПЕН-клубы және Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы Бірінші дәрежелі сыйлықтарының лауреаты. Көркем шығармалары бірнеше шетел тілдеріне аударылды.

Зейнолла Қабдолов 2006 жылы 78 жасында дүниеден өтті. Алматы қаласындағы мекен-тұрағы болған Желтоқсан көшесіндегі №132 үйдің қабырғасына мемориалды тақта орнатылып, қаладағы көшелердің біріне жазушының есімі берілген.

15 желтоқсан

ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВ *туғанына 105 жыл (1922-2011)*

Қазақстанның халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықов - 15 желтоқсан 1922 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Келінсүйегі деген жерде дүниеге келген. Алматы қаласындағы Тау-кең институтында, Семейдегі қазақ педагогикалық училищесінде, педагогикалық институтында оқыған.

1941 - 1945 жылдары - Қызыл әскер қатарында соғысқа қатысты. Өлендері, әңгімелері мен очерктері майдандық, республикалық, облыстық газеттерде басылды. Соғыстан кейін ҚазМУ-ды бітірген (1949).

1953-1979 жылдары - "Қазақстан пионері" (қазіргі "Ұлан") газетінің бөлім меңгерушісі, "Социалистік Қазақстан" (қазіргі "Егемен Қазақстан") газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, 1953 - 56 жылдары - Павлодар облысы "Қызыл ту" газетінің редакторы, 1961 - 63 жылдары - республикалық "Қазақ әдебиеті" газетінің бас редакторы, Қазақ Совет



энциклопедиясы тіл, әдебиет және фольклор редакциясының меңгерушісі, Қазақстан ҒА Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болды. Алғашқы очерк, әңгімелер жинағы “Алыстағы ауданда” деген атпен 1956 жылы жарық көрді. 1987 жылы - “Дорогие памяти” әскери-патриоттық жинағы үшін А.А. Фадеев атындағы халықаралық сыйлықты алды.

Әзілхан Нұршайықов, 2011 жылдың ақпанында дүниеден озды.

19 желтоқсан

ӘДИ ШӘРІПОВ
туғанына 115 жыл (1912-1993)

Әди Шәріпов 1912 жылдың 19 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданының Мариновка селосында дүниеге келген. 1932-1935 жж. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында оқып, 1935-1936 жж. Түрікмен КСР-індегі Красноводск педагогикалық техникумында оқу меңгерушісі болған. 1936-1938 жж. ҚазПИ-дің тіл-әдебиет факультетіндегі оқуын жалғастырған. Институтты бітірген соң Алматы облысының «Қаскелең» орта мектебінде мұғалімдік қызмет атқарған. Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап Кеңес Армиясының қатарында болған. Беларусь жеріндегі, Смоленск, Орлов облыстарындағы партизан отрядтарының құрамында болды. 1943 жылдың желтоқсанынан 1944 жылдың мамырына дейін партизан қозғалысының Смоленск штабында жұмыс істеді.

Соғыстан кейінгі уақытта Қазақ КСР Оқу министрінің орынбасары, Қазақ КСР Оқу министрі, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Қазақ КСР Сыртқы істер министрі, 1966-1971 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы және КСРО Жазушылар одағының хатшысы, Қазақ КСР Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры қызметтерін атқарған. Филология ғылымдарының докторы.

«Партизан қызы», «Ормандағы от», «Тон», «Қапастағы жұлдыздар» атты шығармалардың, «Сахара қызы», «Дос сыры» романдарының авторы. «Орман хикаясы» атты киносценарийі бойынша түсірілген көркемсуретті фильм Ташкент қаласында өткен



Азия мен Африка елдерінің кинофестивалі мен Алматыда өткен Кеңестер Одағының кинофестивалінде КСРО Қорғаныс министрінің арнаулы жүлдесіне ие болды.

«Ж.Саиннің өмірі мен творчествосы» (1964), «Қазіргі дәуір және қазақ әдебиеті дамуының проблемалары» (1974), «Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық» (1984), «Сырбай Мәуленов творчествосы» (1985) атты монографиялардың, әдебиеттану мен педагогика салаларына қатысты көптеген мақалалардың авторы.

Ленин, екі рет Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, КСРО медальдарымен және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі» деген құрметті атақ берілген.

20 желтоқсан

ДУЛАТ ИСАБЕКОВ
туғанына 85 жыл (1942-2025)

Дулат Исабеков 1942 жылғы 20 желтоқсанда, Арыс ауданының Ленин жолы ауылында дүниеге келген. Шыққан руы - қоңырат тайпасының Құлшығаш руы.

Мектепті бітірген соң Ташкенттегі институтқа екі рет тапсырып, түсе алмаған.

1966 жылы Исабеков Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін бітірген. 1967-1968 жылдары ол Қазақстан Республикасы Телевизия және радио хабарын тарату жөніндегі мемлекеттік комитетте аға редактор еді.

1968 жылдан 1970 жылға дейін ол Қазақ Совет энциклопедиясы бас редакциясында аға ғылыми редактор болса, 1971-1976 жылдары «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі қызметін атқарған.

1976-1980 жылдары «Жалын» баспасында редакция меңгерушісі болған Исабеков 1980 және 1988 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Мәдениет министр репертуарлық-редакциялық коллегияның бас редакторы еді.

1988 жылдан 1997 жылға дейін ол Қазақ теледидарының бас редакторы, «Жазушы» баспасының директоры, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы лауазымдарына ие болған.



1997 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Мәдениеттану ғылым зерттеу институтының директоры.

2025 жылғы 21 ақпанда Дулат Исабеков Алматыда қайтыс болды.

24 желтоқсан

БИБІГҮЛ ИМАНГАЗИНА
туғанына 85 жыл (1942)

Он жеті жасында кенеттен мүгедек болып қалған ол өмірдің бар тауқыметін тарта жүріп, екі баланы тәрбиелеумен қатар, шығармашылықпен айналысты.

1990 жылы бала тәрбиелен отырған мүгедек аналардың республикалық «Бибі Ана» қоғамын құрады. Бүгінде мүгедек аналар республикалық «Бибі-Ана» қоғамының президенті.

«Тауқымет» атты күрделі шығармасын жазады. «Оқырманы көп автор» дипломына ие болған бұл романның бірінші томы 1995 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген. «Құрмет» орденімен марапатталған.

БАЗАРЖЫРАУ ОҢДАСЫНҰЛЫ
туғанына 185 жыл (1842-1911)

Базар Жырау Оңдасұлы Балқы Базар (1842, қазіргі Қармақшы ауданы ауыл - 1911, Өзбекстан, Тамды ауданы Жалпақтау деген жерде) - жырау. Руы - шөмекей ішіндегі Балқы, сондықтан ел арасында Балқы Базар аталып кеткен. Болашақ жырау әкесінен ерте жетім қалып, есейгенше нағашысы Өтемістің қолында тәрбиеленген. Тоғыз жасында Тәспен би оны өз қолына алады. Тәспен ауылына сол кездегі Сыр бойы, Арқа өңіріне белгілі жыраулар жиі келіп, апталап-айлап жатады екен. Бұл Базардың жыраулық жолға түсуіне бірден бір себеп, үлкен мектеп болады. Базар жырау 15 - 16 жасында бала жырау атанады. 1858 жылы Тәспен би Қызылқұмдағы игі жақсыларды шақырып, ұлан-ғайыр той жасап, Базардың астына жүйрік ат мінгізіп, үстіне шапан жауып, жыраулық жолына сәт сапар тілейді. Базар осы кезден бастап Ор төңірегін, Ырғыз, Сыр бойы, Қызылқұмды, Үргеніш, Хиуа жағын жырау ретінде аралайды.



Осы төңіректе кеңінен жайылған Ноғайлы дәуірінің қиссаларымен танысып, оларды жаттап, халық арасында жырлайды. Хорезм жағында болған кездерінде Орта Азия жұртшылығы арасында кеңінен мәлім дастандарды («Көроғлы», «Жүсіп - Ахмет», т.б.) қазақ тілінде жырлап, Сыр бойына таратады. 1907 жылы Базар жырау Қазан қаласынан баспадан шыққан «Айман - Шолпан» жырын қайтадан жаңғырта жырлайды.

Кейіннен «Қыз Жібек» жырына да көп өзгеріс енгізіп, қайта жырлап, ел арасына таратады. Жыраудың сол кездегі шығыс және ислам философиясымен жақсы таныс болғандығы анықаласы «Тіршіліктің түрлері», «Керкұлан», «Кермиық», т.б. іргелі толғауларында ол өмірдің мән-мағынасына көз жүгіртеді, тіршілікте кездесетін жақсылық пен жамандық, адамшылық пен зұлымдық хақында тереңнен ой толғайды.

Оның жырлары афоризмге толы, жырау ел аузында айтылып жүрген мақалдарды өз елегінен өткізіп, қайтадан түрлендіріп, әрлеп, кейде тіптен басқаша мағына беріп, асқан шеберлікпен қолданады. Жыраудың жастық шақ, табиғаттың әртүрлі маусымы, туып-өскен жер, т.б. жайлы шығарған толғау-термелері де көп. Сараң байларға, қиянатшыл әкімдерге, арнаған сын-сықаққа толы, қазақтың ауызекі поэзиясындағы арнау-эпиграмма жанрында шығарылған бірқакпайлары да жетерлік.

Базар жырау домбыраны өте жақсы тартқан, Сыр бойында таралып жүрген, көпке ортақ әуендерді өз даусына лайықтап, өлеңінің ырғағына орай өңдеп, өзгертіп қолданған. Оның жырлау сазы өте әсем, қисса мен толғауларды орындағанда неше түрлі құбылып отырады.

Бұдан жыраудың сазгерлік қабілетінің де болғанын аңдаймыз. Жыраудың өз айтуымен хатқа түскен 15 мың жолға жуық өлең-жырлары, 5 дастаны сақталған. Базар жырауды көзі тірісінде-ақ Сыр бойының жыраулары мен шайырлары өздеріне ұстаз тұтқан, оның өнегесін ұстанған.

Базар жыраудың өлеңдері 20 ғ-да ғана баспа бетін көре бастады. 1925 жылы Ташкенттен шыққан «Терме» жинағына, 1931 жылы жарық көрген «Қазақтың әдебиет нұсқалары» атты кітаптарға енді.



Оның шығармаларына С. Сейфуллин, М. Жұмабаев, аса жоғары баға беріп, Бұқар жырау мен Махамбеттен кейінгі толғау алыбы деп таныған. Жырау шығармаларын жинастыруда Ә. Диваев, Сейфуллин, Ә. Марғұлан, Ә. Қайнарбаев үлкен еңбек сіңірді.

ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ
туғанына 225 жыл (1802-1874)

Дулат Бабатайұлы - көрнекті ақын. Өлеңдері ел ішінде көп тараған. Дулат шығармалары негізінен дидактикалық негізде жазылған. 1880 жылы Қазанда жарық көрген «Өсиетнама» деген жинағына ақынның заманы туралы толғаулары енген. Орта жүз құрамындағы найман тайпасынан шыққан. Өмірі туралы деректер толық зерттелмеген.

Өлеңдері ел ішіне ауызша және қолжазба түрінде таралған. Кейбір өлеңдері Қазан қаласынан 1880 жылы алғаш рет - Өсиетнама деген атпен жеке кітап болып жарық көрген. Жинаққа ақынның сол кезеңдегі қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірін шыншылдықпен жырлаған ой-толғаныстары енген. Ақынның кейбір өлеңдері кеңес дәуірінде әр түрлі хрестоматияларда - XVIII - XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары (Қазақ КСР ғылым академиясының баспасы, А., 1962) деген жинақта, кейін - Үш ғасыр жырлайды (Революцияға дейінгі қазақ ақындарының шығармалары. А., 1965) жинағында басылып шықты.

Ал, Еспембет поэмасы алғаш рет 1957 жылы - Жұлдыз журналының 5-нөмірінде жарияланды. Дулат шығармаларын барынша зерттеп, жинап баспаға әзірлеген Қ.Өмірәлиев болды. Ақынның жеке жыр жинағы - Замана сазы деген атпен 1991 жылы жарық көрді. Дулаттың өлең-жырларының басты сарыны - 19 ғасырдың алғашқы жартысындағы отаршылдық әрекеттерге рухани қарсылық көрсету. Ақын - Тегімді менің сұрасаң, О, Сарыарқа, Сарыарқа, Асқар таудың сәні жоқ, т.б. жырлары мен жеке кісілерге айтқан - Сүлейменге, - Бараққа, - Кеңесбайға, т.б. арнау өлеңдерінде қазақ жерінің отарлануын, ел билеушілердің отаршыл саясаттың шылауында кетуін - Сауыр жерден айрылып, Қазақ елі жұқарды..., Орыстың көрсе ұлығын, Қыздан дағы қылықты..., Майырдың алса



бұйрығын, Борбайға қысып құйрығын, Ел пысығы жортады, - деп, кекті де отты жыр жолдарына айналдырған. Қазақ даласындағы дәстүрлі хандық басқару жүйесін жою саясатын орнықтырған Ресей империясының 1822 - 1824 жылдары шығарған Қазақ даласын басқару жөніндегі ережелеріне қарсылық Дулат шығармаларының тақырыптық, стильдік, жанрлық ерекшелігін айқындады.

Дулаттың уытты, шыншыл сөздерінің кімдерге арналғанын оның: -Халыққа емес сыйымды, Парақор баспақ биінді, Ел бүлдіргіш бегінді, Улы тілмен улаттым, - деген өлең жолдары көрсетіп тұр. Туған халқының екі жақты езгіге түсіп, көз жасының көл боп ағуы, қайғысы мен мұңы ақынның жан сыры ретінде жыр болып төгілді. Дулат өзінің - елге қорған ер туса деген идеясын халыққа жеткізу үшін, қазақ-қалмақ соғысы тұсындағы сюжетті алып, - Еспембет поэмасын жазған.

Еспембет жанрлық ерекшелігі жағынан батырлық эпосқа жақын. Елдік, елдің батыр ұлдары туралы идея Еспембеттей ер қайда?, Ер күтетін ел қайда, - деп басталатын ірі туындыда айқын көөрініс тапқан. Дулаттың бұдан басқа - Шаштараз, -Тымсал өлең атты ірі шығармалары бар.

2025 жылғы 21 ақпанда Дулат Исабеков Алматыда қайтыс болды.

ЕСЕТ БАТЫР КӨКІҰЛЫ туғанына 360 жыл (1667-1750)

Есет батыр заманында ханнан кейін сөйлеген үлкен беделдің иесі болған. Және Шақшақ Жәнібектен кейінгі екінші тархан атағын иеленді. Қазақтың әйгілі батыры Есет Көкіұлы туралы тарихи деректер Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағатында, Санкт-Петербургтегі Орталық мемлекеттік мұрағатта, Мәскеудегі орталық мемлекеттік әскери мұрағатында, Алматы және Ташкенттегі орталық мемлекеттік мұрағаттарда сақталған. Орыс елші-офицерлері Тевкелеевтің күнделіктерінде, Неплюевтің жазбаларында, сонымен қатар ауыз әдебиеті мен фольклорлық нұсқаларда батыр есімі кездеседі.



Есет Көкіұлы 1667 жылы дүниеге келген. Шежіреде оның тама руының Атамшал - Торым аталығынан шыққандығы анық көрсетілген. Аташалдан Торым, одан Базарқұл, Базарқұлдан Көкі туған.

Кей деректерде Есеттің әкесі Көкінің Көге деп аталуы кездеседі. Мәселен, алаш арысы Халел Досмұхамедовтің атақты «Аламанында» тама руынан шыққан Көге есімді адамның заманында атақты болғаны жазылады. Әрі батыр, әрі аузы дұғалы Көкі өз ұлдарының болашағы жайлы: «Өзімнен өргеннің бір буыны тең болар, қалғаны қара болар» деген екен. Ал батырдың нағашы жұрты Әжібай би деп танылады. Сол заманғы ұғым-түсінік бойынша батыр атанған адам алдымен өз аталығын, руын басқарып барып, үлкен деңгейге жетеді. Есет осылардың бәрінен өтіп, тархан дәрежесін алған, деңгейі биік, дәрежесі жоғары адам болған.

Есет батырдың 17-18 жасында қолына найза алып, атқа қонғаны Кіші жүз жеріне Еділ қалмақтары мен Жайық казактары төндірген қауіп-қатерлердің көбейіп кетуі кезіне сәйкес келген.

Бұл кезеңді ұлы ғұлама Шоқан Уәлиханов былай сипаттайды: «...қазақ халқының өміріндегі қияметті кезең болды. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары мен башқұрттар жан-жақтан килігіп, олардың ұлыстарын талқандап, малдарын айдап, адамдарын тұтас отбасымен тұтқындап алып кетті».

Есет батыр өмірін зерттеуші ғалым, тарихшы Зәкіратдин Байдосұлы Орынбор орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған батыр өміріне қатысты деректерді саралап, онда 1690 жылы Есет батырдың 23 жасында Тама ішіндегі Торым аталығының жетекшілігінде болғандығын көрсетеді.

ЕСЕТ КӨТІБАРҰЛЫ туғанына 220 жыл (1808-1888)

Есет батыр Көтібарұлы (1807-1888) - халықтың әйгілі батырларының бірі. Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы, Кіші жүздің Қабақ руының басқарушысы болған.



Ақтөбе облысының Шалқар ауданындағы Шалқар көлінен жеті-он шақырым жердегі Ақши бойында дүниеге келген.

1838 жылы Жоламан батырмен бірге көтеріліске шығып, Елек қорғанына шабуыл жасаған. 1847-1878 жылдары Жанқожа батырмен бірге Қоқан, Хиуа хандықтарына қарсы шықты. 1847-1858 жылдары Есет батыр Арал теңізінің батыс жағалауын, Үлкен және кіші Борсық құмдары мен Мұғалжар тауларын, Жем, Сағыз, Ырғыз, Елек, Ойыл, Қыйыл өзендерінің бойын жайлаған қазақтардың Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы көтерілісіне басшылық жасады.

XIX ғасырдың 40-50 жылдарындағы Есет Көтібарұлы бастаған ұлт - азаттық көтерілісі, негізінен, ұсақ қимыл-әрекеттермен сипатталды. Олар шекараға жақын орналасқан Ресей бекеттеріне шабуыл жасап отырды. 1853-1854 жылдары Есет батырдың басшылығымен қарулы көтеріліске шыққан Кіші жүз қазақтарының шекаралық әкімшілікпен қақтығыстары болды. Олар Ресей үкіметінің алдына: қазақ қауымынан түйе жинауды тоқтату, жайылымдық жерге еркіндік беріп, Жем, Мұғалжар, Елек, Қобда, жайық өзендерінің бойларына көшіп-қонуға мүмкіндік жасау туралы талаптарын қойды. 1855 жылы Орынбор генерал-губернаторы Кіші жүздің бір топ билеуші сұлтандарына көтерілісті басып, Есет батырды қолға түсіруге қатаң тапсырма береді. Маусымның аяғында тапсырманы орындау үшін 900 адамдық отрядпен, өзіне бекітілген екі зеңбірегі бар казак жүздігі және дистанция бастықтарымен бірге Арыстан Жантөрин жорыққа аттанып, Ор бекінісінен 140 шақырым жер шамасындағы Елек өзенінің жоғарғы сағасындағы Суықсу шатқалына келіп бекінеді. Сұлтан ордасы мен көтерілісшілер арасында бірнеше күн бойы келіссөз жүргізіліп, екі жақ нақты шешімге келе алмайды.

Осыдан кейін Есет батыр өз адамдарымен кеңесіп, сұлтан ордасына шабуыл жасауды ойластырады. 1855 жылы шілдеде көтерілісшілер сұлтан ордасын тұтқиылдан шабуылдап, А.Жантөрин бастаған он шақты би - старшындарын өлтіріп, казак отрядын талқандайды. 1861 жылы Есет Көтібарұлы қабақ руының басқарушысы болып тағайындалды.



1869 жылы Ырғыз уезі бастығының көмекшісі болып бекітілді. 1873 жылы Хиуа жорығына қатысқаны үшін патшадан алтын медаль алды. 1879 жылы ол қызметтен босатылды.

КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ туғанына 225 жыл (1802-1847)

Кенесары Қасымұлы - мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837 - 1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, Қазақ хандығының соңғы ханы (1841 - 1847). Кенесары Шыңғыс ханның 27- ұрпағы, Абылай ханның немересі.

Ордасын Көкшетауға тіккен Абылай ханның отыз ұлы болған. Абылайдың қалмақ қоңтайшысы Қалдан Сереннің қызынан дүниеге келген баласы Қасым сұлтанның бәйбішесі Айкүмістен Кенесары (алты ағайынды - Саржан, Есенгелді, Көшек, Ағатай, Бопай), екінші әйелінен Наурызбай туған. Кенесары өзге бауырлары секілді көшпелі әскери ақсүйектер қауымының дәстүріне сай жастайынан шабандоз, ұшы-қиырсыз даланың қатал табиғатына шыныққан, қиындыққа төзімді болып тәрбиеленеді. Жеке басының ерлік қасиеттері, бірбеттігі, алға қойған мақсатына жету жолындағы қайсарлығы мен дүлей күш-жігері оның жетекшілік қабілетін айналасына ерте мойындатқан.

Кенесарының саяси көзқарасының қалыптасуы Ресей империясында Петр I билігі кезеңінен басталған Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы қатынастар сипатымен тығыз байланыста болды. Ресей империясы өзіне шекаралас жатқан Қазақ хандығын, күллі Азия елдері мен жерлеріне бастар қақпа деп есептегендіктен, оны Ресейге қосып алу қажеттігіне ерекше мән бергенді. Қазақ хандығы аумағын империяға күштеп қосу оның отарлануымен қатар жүрді. Ресей отаршылдығының ерекшелігі - «Орыс солдатының соңынан орыс мұжығы ілесіп отыратындығында, сөйтіп, жаулап алған жерін орыс жеріне айналдырып жіберуге тырысатынында» (М.Шоқай) еді. Атасы Абылай хан заманынан бері үдей түскен бұл процесс жас сұлтан Кенесары санасына ұлт тәуелсіздігіне төнген қауіпті терең түйсінтті.



Патша үкіметінің 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы Жарғысы» қалыптасқан хандық құрылымды, дәстүрлі билік үлгілерін жойып, қазақ елін жалпыресейлік басқару жүйесіне сіңістіріп жіберуді көздеді. Сол мақсатта қазақ даласына орыс шаруалары ағылып келіп қоныстана бастады. Абылай ханнан кейін орнына билікке келген Уәли хан (1781 - 1821) патша әкімшілігінің Көкшетау алқабында қала құрылысын бастауына келісім берді. Уәли өлгеннен кейін хан сайланған баласы Ғұбайдолланы Ресей үкіметі бекітпей тастады және орта жүзде хандық билікті жойды. Қарсылық көрсеткен Ғұбайдолланы тұтқындап, Сібірге жер аударды. Осыған байланысты Кенесары Ресей мен Абылай хан арасында жасалған жазбаша келісімшарттың бұзылғанына наразылық білдірді. Оның: «Алла қостаса, қазақтардың басын біріктіреміз де, қайтадан Абылай хан тұсындағыдай дәрежеге жетеміз» деген пікірі әкесі Қасым сұлтанның, бауырларының, көптеген қазақ батырларының тарапынан қолдау тапты.

ҚАРАКЕРЕЙ ҚАБАНБАЙ
БАТЫР ҚОЖАҚҰЛҰЛЫ
туғанына 335 жыл (1692-1770)

Қабанбай Қожақұлұлы, Қаракерей Қабанбай, Дарабоз - батыр, талантты қолбасшы. Азан шақырып қойылған есімі - Ерасыл. Ол 1692 ж. қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданындағы Барлық тауында өмірге келіп, 1770 ж. сонда дүние салған. Қабанбай Найман ішіндегі Қаракерей руының Байжігіт тармағынан.

Жеті жасында әкесі Қожақұл, он алты жасында ағасы Есенбай жоңғарлар қолынан қаза табады. Он алты жасар бала жау арасына жасырын барып, ағасын өлтірген жоңғар батырын өлтіріп, кек алған. Осыдан кейін Зайсандағы Керей ішіне кетіп, жездесі Бердәулеттің қолында болды. Осында жүріп жылқыға шапқан жабайы қабандарды жайратып, “Қабан батыр” атанды.

1717 ж. Аягөз шайқасына, 1723 ж. Түркістан қорғанысына, 1726 ж. Бұланты шайқасына, 1730 ж. Аңырақай-Алакөл шайқасына, кейіннен Шыңғыстау, Ертіс бойындағы шайқастарға қатысып, Абылай ханның бас батырларының біріне айналды.



1741 ж. Шыңғыстаудағы Шаған шайқасында ақбоз атпен топ жарып, жауға шапқаны үшін Дарабоз атанды.

1751 ж. Ол Сыр бойы, Шымкент, Сайрам, Ташкент қалаларын жоңғарлардан тазартып, Төле бидің билікке келуіне көмектесті. Жоңғарияға айдалып бара жатқан бірнеше мың қарақалпақты құтқарып қалады.

1752 - 54 ж. Қабанбай басқарған қазақ әскері алдымен Іле, Балқаш, Қаратал өңірлерін жаудан тазартуға қатысты. Осыдан кейін Қарақол мен Нарынды, Үржар мен Қатынсуды, Алакөл мен Барлықты азат етіп, терістік бағыттағы Бөгембай әскеріне қосылды. Баспан-Базар, Шорға, Маңырақ шайқастарына қатысып, Зайсан, Марқакөл, Күршім өңірлерін азат етті.

1756 ж. жоңғар билеушісі Әмірсананы қуып келген қытай әскерінің бетін қайтаруға атсалысты, Шонжы, Нарынқол, Кеген өңірлерін қырғыздардан қайтарып алуға қатысты.

1758 ж. қыркүйекте Барлықтан Үрімжі қаласына 300 жылқы айдап барып, қазақ-қытай саудасын бастап берді. 500 адамдық қолмен келген қырғыз батыры Қарабекке ауырып жатқанына қарамастан қарсы шығып, жекпе-жекте Қарабекті өлтірген. Сол сәтте өзі де ат үстінен құлап түсіп, қазаға ұшырайды. Алматы облысындағы бұрынғы Андреев ауылына, Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданындағы Жарбұлақ ауылына, Алматы, Семей, Өскемен, Талдықорған қалаларындағы бір-бір көшеге, сондай-ақ Аякөз қаласында орналасқан танк дивизиясына есімі берілген. Үшарал қаласында батырға ескерткіш, Астана іргесінде ескерткіш-монумент орнатылған.

1992 - 93 ж. бұрынғы Талдықорған және Семей облыстарында 300 жылдығы аталып өтіліп, үлкен ас берілді. Батырдың өмірі мен ерлік күресі Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей, Дулат, Тәтіқара, т.б. ақын-жыраулар шығармашылығына арқау болған. Жазушы Қабдеш Жұмаділов “Дарабоз” тарихи романын жарыққа шығарды.



МҰХАМЕТЖАН СЕРАЛИН
туғанына 155 жыл (1872-1929)

Мұхамеджан Сералин (1872, қазіргі Қостанай облысы Қарабалық ауданы Өрнек ауылы - 8 қараша 1929, Қостанай облысы Қарабалық ауданы Өрнек ауылы) - ақын, жазушы, журналист, публицист, қазақ журналистикасының атасы.

Қожа руынан шыққан.

Троицкідегі медреседе оқыған (1880)

Қостанайдағы 2 кластық орыс-татар мектебін бітірген (1891).

1911 - 1918 жылдары Троицкіде “Айқап” журналын шығарды.

1919 - 1920 жылдары “Ұшқын” газетінде қызметкер,

1921 жылы Қостанайдағы Шұбар болыстық атқару комитеттінің төрағасы, 1922 - 1923 жылдары Қостанай губаткомы төрағасының орынбасары, 1923 - 1926 жылдары “Ауыл” газетінің редакторы қызметтерін атқарған.

1-кезеңіне “Айқап” журналында төңкеріске дейін басылған 40-қа жуық мақалалары жазады.

2-кезең 1918 - 1928 жылдары аралығын қамтиды, бұл кезеңде “Ұшқын”, “Еңбекші қазақ”, “Ауыл” газеттерінде саясат, шаруашылық, мәдениет мәселелері жайында мақалалары жарияланды.

Алғашқы “Топжарған” (1900) поэмасы қазақ әдебиетіндегі тарихи шығармалар қатарына жатады. Поэмада 19 ғасырдың 30 - 40-жылдарындағы қазақ өмірі, Кенесары, Наурызбай бастаған қозғалыс бейнеленген.

“Гүлқашима” (1909) поэмасы әйел теңсіздігі мәселесіне арналған. Сералин өз шығармаларында Ы.Алтынсариннің ағартушылық-демократия идеяларын қолдады.

Ол Фердоуси “Шаһнамасының” “Рүстем - Зораб” бөлімін В.А. Жуковский (1846 - 1847) нұсқасынан, сондай-ақ А.Сорокиннің “Жусан” повесін қазақ тіліне аударған (1915).



СЫРЫМ ДАТҰЛЫ **туғанына 315 жыл (1712-1802)**

Сырым Датұлы, Сырым батыр (1753, қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Қазақстан - 1802, қазіргі Хорезм облысы, Өзбекстан) - Ресей империясы патшасының отарлау саясатына қарсы күрескен Кіші жүз қазақтарының 1783-1797 жылдарындағы көтерілісінің көрнекті басшысы, атақты батыр, әйгілі шешен. Алшын тайпасының Байбақты руының биі. Атақты Байбақты Шолан батырдың немересі.

Шыққан тегі - Кіші жүздің Алшын тайпасының Байбақты руынан. Өзінің асқан ақылдылығы арқасында өз ортасында тым ерте танылып, әділдігімен аты шыққан «Бала би» атанды.

XVIII ғасырдың аяғындағы отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық күрестің ұйымдастырушысы, әрі көсемі. Сырым дүниеден озған кезде оның асында 2000 жылқы, 2500 қой сойылып, 5000 күбі қымыз ішілген және бірнеше жүз ақшаңқан киіз үйлер тігілген. Бұл, бір жағынан, оның байлығын, екінші жағынан, оның халық арасында беделді болғанын білдіреді.

Сырым 2000 шаңырақты басқарған. Сырым Датұлы өз халқының нағыз патриоты екенін таныта білген және отарлық бұғаудан елді босатуға зор үлес қосқан.

Ол Ресейдің отарлау саясатын жүзеге асырған қазақтарға қарсы соғысты бастады. Сырым бастаған ұлт-азаттық көтерілістің негізгі себебі - патша саясаты мен Жайық казактарының жүгенсіздігі, олардың қазақ халқын қанауы болды. Халық көтерілісін Сырым батырмен бірге Барақ, Тіленші, Оразбай, Жантөре сұлтан сынды елдің беделді азаматтары басқарды. Кіші жүздің байбақты, табын, шекті, кете және шеркес рулары көтеріліске қатысты. Көтерілістің бас кезінде Сырым батырдың 2700 сарбазы, Барақ батырдың 2000 және Тіленші батырдың 1500 сарбазы болды.



САЛЫҚ БАБАЖАНОВ *туғанына 195 жыл (1832-1871)*

Бабажанов Мұхамед-Салық (1832, Бөкей ордасы - 1871, сонда) - этнограф, қоғам қайраткері, ағартушы. Ордадағы орыс-қазақ мектебінде бастауыш білім алған (1841 - 45) соң, Орынбордағы Неплюев кадет корпусының Азиялық бөлімін бітірген (1851). 1852 - 55 ж. Орынбор шекаралық комиссиясының кеңсесінде қызмет етті. 1855 ж. Ішкі Орда қазақтарының толқуына қатысты деген желеумен қызметінен қуылып, 2 ай абақтыда отырды. 1855 - 61 ж. Ішкі Орданы басқару жөнінде Уақытша кеңестің кеңесшісі болды. 1862 ж. қызметтен кетіп, 1866 жылға дейін мал шаруашылығымен шұғылданды. 1866 - 71 ж. Ішкі орданың Қамыс-Самар бөлімшесінің басшысы қызметін атқарды. Бабажанов қазақтың салт-дәстүрі, шаруашылығы, діни нанымы, аңшылық кәсібі жөнінде еңбектер жариялады. Халықтың көне тарихи мұраларын, аңыз-ертегілерін, өлең-жырларын, мақал-мәтелдерін жинап, зерттеді.

Ресей музейлері мен ғылыми мекемелеріне қазақ тарихы мен тұрмысына қатысты археологиялық, этногр. жәдігерлер жіберді. 1861 ж. Орыс геор. қоғамының мүшесі болып сайланды.

Этнография бөлімінің жұмысына елеулі үлес қосқаны үшін 1862 ж. аталмыш қоғамның күміс медалімен марапатталды. Бабажанов – ғылыми еңбектері үшін ресми марапатталған тұңғыш қазақ. Ол Ресей империясының қазақ елін отарлау саясатына наразылық танытқан мақалалар да жазды. 1860 ж. қазақ халқының уәкілдігі құрамында Санкт-Петербургке келіп, Орынбор генерал-губернаторы В. А. Перовскийдің үстінен патшаға шағым жасады. Бабажановтың ғылымға сіңірген еңбегі туралы Ш. Уәлиханов, П. П. Семенов-Тянь-Шанский, В. В. Григорьев, П. И. Небольсин, А. Харузин, т. б. пікір білдірген.

Белгісіз жағдайда қаза тапқан. Дәулеткерей оған «Салық өлген» күйін арнаған. Сондай-ақ ақын Е. Раушановтың Бабажанов туралы «Сарыөзен» атты поэмасы бар. Мұхамбет-Салық Бабажанов – туған халқы және оның ар-абыройы мен теңдігі үшін қайрат-жігерін аямаған, әділдік жолдан таймаған аяулы, білімді, зерделі азаматтардың бірі, публицист, ғалым-этнограф әрі экономист.



Кеңес өкіметі кезінде мүлде атаусыз қалған М. Бабажанов есімі қазақ елі теңдік, азаттық алғаннан өз тұғырына қайта көтерілді. М. Бабажанов – XIX ғасырдың орта кезінде Шоқанмен қатар шыққан белгілі ғалымдардың бірі.

